

27 желтоқсан,
Жұма,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті жерлестер және аудан қонақтары!
Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Екі жылдың тоғысқан сәтін өткен бір жылға баға беріп, алдағы күнге мақсат қойып, тың қадам жасайтын, рухани серпін беретін, жақсылыққа жұмылдыратын, келер күнге жол сілтейтін мереке.
Қошмасақалы тұрған доңыз жылы біздің еліміз үшін табысты болды. Әлеуметтік-экономикалық дамып, халықаралық байланыс нығайтып, инвестиция тарту көзі жылдан жылға арту үстінде. Бұл Қазақстанның сенімділік көрсеткіштері жоғары екенін және бірлігі жасасқан өркендеген ел екенін көрсетеді.
Қазақстан 2019 жылы Тәуелсіздік дәуірі үшін теңдессіз бірқатар маңызды саяси оқиғаларды бастан кешірді. Білік бейбіт жолмен берілді. Ел саяси транзитті бастан кешірді. Өткізілген сайлау барысында қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жеңіске жетті. Бұл халықтың жаңа Президентке деген сөзсіз сенімін білдіреді.
Елде ұзақ мерзімді перспективада ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Қауіпсіздік Кеңесінің жаңа құрылымы мен функциялары толық заңды түрде рәсімделді, уақыт талаптарына сәйкес Президент Әкімшілігін реформалау өткізілді. Сайлаушылар тарапынан ең үлкен сенім ресурсына ие «Nur Otan» партиясы, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы – Конституцияда бекітілген этникалық топтар өкілдігінің органы өз миссиясын жалаастыруда.
Келер жылдың оқиғалар қатары тығыз болмақ. Ел Абайдың 175 жылдығын, Әл-Фарабидің 1150 жылдығын, Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын атап өтеді.
Ең бастысы, халықтың рухы көтеріліп, мемлекетіміздің мерейі асыл, кемел келешекке деген кәміл сенім ұялайтын болады.
Бүгінде еліміздің жоғары дәрежеде дамуы үшін аудан тұрғындары да лайықты үлестерін қосуда.

Сонымен қатар біздің ауданымызға өткен жыл көптен күткен талшықты-оптикалық байланыс желісінің келуімен ерекшеленсе, жаңа жылда әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуында да зор табыстарға қол жеткізетін боламыз.
Отансүйгіштік қасиеттер мен ұлттық құндылықтарымыз биік идеал мен асыл мұраттарымыздың орындалуына зор күш береді. Қоғамдағы саяси тұрақтылық, халықтардың шынайы достығы – бейбітшілік, бірлік, келісім, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтың халықаралық деңгейде мойындалуы шын мәнінде мақтан тұтуға лайықты табыстарымыз деп білеміз.

Елбасы жариялаған «Жастар жылында» ауданнан шыққан тұңғыш өлем чемпиондығы Ұлан Мұқашев Ойыл абыройын асқақтатып, еліміздің туың көкке көтерісе, артынан ерген ізбасары Бекзат Мұханбетов Өзбекстанда өткен өлем чемпионатында күміс жүлдегер атанып, көпшіліктің көңілін бір меркізетін тастады.

Аудан әлеуетін көтеруге көп септігін тигізетін ауылшаруашылығы саласында мемлекеттік бағдарламалардың жемісі мен нәтижесі және жүйелі қалыптасудың озық үлгілері жүргізіліп келеді.

Мұның бәрі Елбасы қалыптастырған сара жолдың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саясатын жүзеге асырудағы ойылдықтардың аянбай еңбек етуінің күесі. Әрине, аудан халқының әл-ауқаты мен әлеуетін арттыру бағытында алда жаңа міндеттер мен белестер тұр.

Біздің табыстарымыз бен жетістіктеріміз алдағы 2020 жылы жаңа идеялық ізденістер мен бастамашыл қадамдар арқылы жалаасын таба беретін болады.

Жаңа Жылдан күтеріміз мол. Барша қазақстандықтар, оның ішінде ойылдықтар да осы жылды зор еңбек тартуларымен, ортақ мемлекеттік мүдде жолында жеке өнегесімен айышытап, үлес қосады деп ойлаймын!

Сондықтан, алға қойған жаңа мақсаттарымызды орындауға халқымыздың бай тәжірибесі, ынтымағы мен бірлігі ең басты кепіл болатыны анық.

Ардақты ағайын!
Жаңа жыл үлкен үміт пен зор сенімнің, шаттық пен қуаныштың жылы болсын! Сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт тілеймін!

Жаңа Жыл әр отбасына жақсылық әкелсін!

Тышқан жылы игілікті істер мен жасампаздыққа толы болсын! Жаңа жылда әрбір ойылдыңтың арман-мақсаттарының орындалуына тілектеспін! Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А. Қазыбаев

МЕРЕКЕЛІК ТУРНИР АРДАГЕРДІ ЕСКЕ АЛУ

ӨТКЕН АПТАДА ЭНЕРГЕТИКТЕР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН СПОРТ АРДАГЕРІ ПЕТР ПОНОМАРЕВТІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР ӨЗ МӨРСІНЕ ЖЕТТІ. ӨЙТКЕНІ, ЕЛ АУЗЫНДА ПЕТРО АТАНЫП КЕТКЕН СПОРТШЫ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ДА АРДАГЕРІ ЕДІ...



Марқұм Петроның жұбайы мен замандастары және ауданда волейбол спортын өркендетуге өз үлестерін қосқан ізбасарлары бес команда бақ сынаған жарыстың басты меймандары болды. Ойылдықтардың «оң жамбасына» келетін волейбол жарысы қай уақытта да жоғары деңгейде өтеді. Тартысты ойында өз шеберліктерін көрсеткен көптегі ойылдықтардың үлесіне үшінші орын тисе, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі командасы екінші орынды еншіледі. Ал, жарыстың бас жүлдесі Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің командасына бұйырды.
Жүлдегерлерге медальдармен кубок табысты, үздік ойыншыларға да арнаулы сыйлықтар ұсынылды. Салауатты өмір салтын насихаттау және ардагер спортшының белсенді өмірлік ұстанымын жастарға үлгі ету мақсатында өткен турнирді ұйымдастырушылардың дәстүрге айналдырмақ ойы бар.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

«ЖОМАРТ ЖҮРЕК» ЖЕРЛЕСТЕР ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ



Еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ қоғамының мәдени, рухани құндылықтары жайында көп ойлар айтылған еді. Атамекенді аялауды парызы санайтын азаматтардың қоғамның ілгеріленуіне қосқан үлесі де көп. Олар қандай құрметке де лайық. Елімізде көптеген азаматтар өзі туып өскен, кіндік қаны тамған жерге аянбай тер төгіп жатқанын аңғарамыз. Сондай азаматтар біздің ауданымызда көптеп кездеседі.

Жырда аудандық мәдениет үйінде «Туған жер, еш нәрсе жоқ сеннен ыстық. Өйткені сенде туып, сенде өстік» - атты жерлестермен кездесу кеші өтті. Айта кетсек Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, филолог ғылымдарының кандидаты-Абат Пангереев. Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігер-хирургі - Болат Медетбаев. «Ойыл ынталы тобының» төрағасы, белгілі баспагер Нұрлан Жұмағалиев және Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің хирургия кафедрасының жетекшісі, медицина ғылымдарының докторы Базылбек Жакиев.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

ЕЛДІҢ ЫҚЫЛАСЫН ЖЕТКІЗДІ

ӨТКЕН АПТАДА ОБЛЫС ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ НҰР-ЖАУҒАН ҚАЛАУОВ ОБЛЫС ӘКІМІ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИННІҢ АРНАЙЫ ТАПСЫРМАСЫМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМ-ДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ҚР ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ РАБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ШАҢЫРАҒЫНДА БОЛЫП, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЫҚЫЛАСЫН ЖЕТКІЗДІ.



Аппарат жетекшісі 95 жастағы ғалымға Ақтөбе өңірінің экономика, денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларының дамуына қосқан зор үлесі және қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін «Ақтөбе облысының құрметті азаматы» атағын табыс етіп, облыс басшысы атынан сый-құрмет көрсетті.

Рабиға Сыздық туған жерінен арнайы жеткен марапатқа зор ризашылығын білдіріп, Ақтөбе жұртшылығына, облыс басшысына алғысын айтты.

— Еңбегімді ескеріп, мені ұмыт қалдырмаған азаматтарға алғысым шексіз. Ақтөбе облысы әкімінің бұл құрметін тек өзіме ғана емес, номинациясымен марапаттап, бүгінгі таңда ел игілігі үшін аянбай тер төгіп жүрген азаматтар құрметіне арнап арнайы шапан кигізіп, сый-сыяпаттар табыс етті.

Өз басым туған мекен — Ақтөбе дегенде елең ете қаламын. Ақтөбе жері мен үшін қашан да қымбат. Облыстың азаматтары мені әрдайым құрметтеп, шынайы ықы-

ластарын білдіріп жатады. Бұған дейін Президенттің Жарлығымен І дәрежелі «Барыс» орденін алдым. Бүгін, міне, ақтөбеліктердің зор ықыласының арқасында «Ақтөбе облысының құрметті азаматы» атағын алып отырмын. Халқыма, еліме ризамын.

Мені бір қуантқаны, бұл атақтың менімен қатар философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айтталыға, елімізді әлемге танытқан өңір баламыз Димаш Құдайбергеге, елге елеулі қызмет еткен кәсіпкер Есімхан Құрманғазинге берілуі. Бұлар — қазақ елінің, Ақтөбенің абыройын көтеріп, атағын шығарып жүрген азаматтар. Сондықтан осындай жақсы адамдардың қатарында болу — мен үшін үлкен қуаныш.

Құтты мекен — Ақтөбеміз өсіп, өркендеп, гүлдене берсін! Барша ақтөбеліктерді келе жатқан мерекелерімен құттықтаймын, — деді ол.

ШАТТЫҚҚА БӨЛЕГЕН «ӘКІМ ШЫРШАСЫ»

ЖАҢА ЖЫЛ – БАЛАЛАР ҮШІН ӘЛЕМДЕГІ ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ, ЕҢ ҒАЖАЙЫП МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ. ОЛАР ЖАҢА ЖЫЛДАН ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТЕДІ. ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША - ЖАҢА ЖЫЛ МЕЙРАМЫНЫҢ НЕГІЗГІ НЫШАНЫ. ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ХАЛЫҚТАРЫ ТОЙЛАЙТЫН ОРТАҚ МЕРЕКЕНІҢ ТАРИХЫ ДА ӨРТҮРЛІ. БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ БҮЛ МЕРЕКЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК.



Өткен сәрсенбі күні жыл сайынғы дәстүр бойынша «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасы өтті. Шыршаға аз қамтылған, көпбалалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі және үздік оқитын, барлығы 101 бала қатысты. Барлық балаларға аудан әкімдігі атынан жаңа жылдық сыйлыққа қыстық киімдер, планшеттер және төт-тілер дорбасы табыс етілді. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев жаңа жылдық шырша қатысушыларын мерекемен құттықтап, зор денсаулық, оқуда озат, жаңа жылда жаңа табыс тіледі. Жүздері қуанышқа, шаттыққа толған бүлдіршіндер жаңа жыл кешінің басты кейіпкерлері Аяз Ата мен Ақшақардың келуін асыға күтті. Жаңа жылдық шыршасы аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық білім бөлімі және Ойыл қазақ орта мектебі ұйымдастырды. Бағдарлама барысында балаларға мультфильмдер мен ертегі кейіпкерлері тұтасқан көріністер ұйымдастырылды. Сондай-ақ, балғын өнерпаздар замандастарына деген мерекелік құттықтауларын өз өнерлерімен жеткізді. Балалармен ойындар ойнатылып, би билеп, Аяз атаға өнерлерін көрсетіп сыйлыққа кенелді. Ары қарай мерекелік бағдарлама жасыл шырша жанында дәстүрлі хормен жүрумен жалғасты.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БЕЛЕСІ

ЖЫЛ СОҢЫНДА ӘРБІР АДАМ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ЖІБЕРГЕН КЕМШІЛІКТЕРІН ОЙ ЕЛЕГПЕН ӨТКІЗІП, ІШТЕЙ ЕСЕП БЕРЕДІ. СОЛ СІЯҚТЫ АУДАНЫМЫЗДА ДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫН ТАРАЗЫЛАП, ЖОСПАРЛАРЫН САРАЛАЙТЫН МЕЗГІЛ ЖЕТТІ. АЯҚТАЛҒАЛЫ ТҮРҒАН ЖЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫ ҮШІН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН ЕЛЕУЛІ ЕСТЕЛІКТЕРІМЕН ТАРИХТЫҢ КӨМБЕСІНЕ КІРЕДІ. БҮЛ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН АУДАΝДАҒЫ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЖИЫНЫНАН ТҮЙГЕН ОЙЫМЫЗ...

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Аспан Кенжебаев ұрпақ тәрбиесіндегі үздік үлесі үшін білім саласының бір топ қызметкеріне аудан әкімінің Алғыс хатын тапсырса, бір-неше мұғалім «Nur Otan» партиясының марапатына ие болды. Сонымен қатар, білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов пен білім қызметкерлері



көсіподақ ұйымының төрайымы Гүлмира Избағамбетовалар өріп-тестерін мерекелік марапаттарымен

құттықтап еңбектеріне табыс тіледі. Мерекелік кеш одан әрі жыр шашуларымен жалғасып, өр мектептің

жаңа жылдық костюмдер қорғауымен аяқталды.

Әсел СИСЕНОВА.

КЕМЕРЛІКТЕР ҚОС ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

**«ЖОЛ – БАЗАР» ДҮКЕНІ
АТА-АНАҒА ҚҰРМЕТТІҢ КҮӘСІ**



ОЙЫЛДЫҢ ҰЛАНЫ - ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



«САРТАЙ БАТЫР» – АСЫЛХАН ТӨЛЕПОВ ТУҒАН ЖЕРІНЕ КЕЛДІ

БИЫЛ ЕНШІМІЗДЕ - 20 «АЛТЫН БЕЛГІ»



«АТАМЕКЕН» АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІ АШЫЛДЫ



ТАЙСОЙҒАНДАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП ШАҒЫН АУЫЛДЫҢ ШАТТЫҒЫ

A black and white photograph showing a group of people at an event. In the center, a man in a dark suit and light shirt holds a large, ornate key aloft with his right hand. He is smiling. To his left, a woman in a light-colored sleeveless top and a man in a dark suit are clapping. Another man in a dark suit stands behind them, also smiling. To the right, another man in a dark suit is partially visible, also clapping. They are standing in front of a building entrance with large glass doors. The entrance is decorated with numerous balloons, some of which are visible in the foreground. The overall atmosphere is celebratory.

БЕКЗАТ – ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



**АҚЖАРЛЫҚТАРДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ
АУЫЗ СУ ҚҰБЫРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

Аудан орталығына шалғай жатқан Қайыңды ауылдық өкрүгіндегі шешімімкө-
ненді жартаған түйткілдердің бірі таза су еді. Ел тілегін өскерусіз қалдырмаған
кейінді атқаримен азаматтары бұл іске үлкен қолдау көрсетті, күрмеулі мәселені
шешуге күш салды. Міне бір жылдан сұп асатын уақыт ишінде ауымды жұмыс
атақарылды, ақжарлықтардың көптен күткен арманы орындалды. Нақтырақ
айтсақ, күні 338 миллион 240 мың теңге болатын Қайыңды ауылдық өкрүгінде
ауыз су құбырының жұмысы толықтай аяқталып, тұрғындарға пайдалануға
берілді. Түнгыш Президент күні қарсаңында орталықтастырылған ауыз су
құбыры салтанаты түрдө ашылды. Алғашқы сөз кезегін алған аудан өкімін
орынбасары Асылхан Кенжебаев барша ақжарлықтарды қуаныштарымен
құттықтай отырып, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы
жоғамды диалог – Қазақстанның тұрақтылығымен өркендеуінің негізі» атты
Қазақстан халқына арналған жолдауында бас айтуылған өңірлердің
инфрақұрылымын дамыту жұмыстары аясында елді мекендерде көшенді
жұмыстар топтаматойндығын ашып айтып. Еңбек арадегері Сабирғали Ақжіожи-
евті игілігі үшін, ауылды өркендету жолында жасалған игі істерге
ауылдастарынын атынан ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Ауыз су
құбыры нысанының лентасын Асқар ауылдық «Шағатай» мешітінің бас

2019. ЖЕҢІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕР...

Имамы Қайырғали Алманов пен «АймарСтройСервис» ЖШС-нің басшысы Думан Жалғасов қиды. Нысанның техникалық сипаттамасына тоқталсақ, құбырдың ұзындығы 12 шақырым. Су жинайтын резервуар сыйымдылығы 150 текше метрден екі дана. Электр желілерінің ұзындығы 3 шақырым. Ауылда таза ауыз су қазір қырыққа жуық үйді қамтып тұр. Бүгінге дейін ауыз су мәселесінің «жырға» айналып тұрған кезінде әрбір үй ұңғымалы құдық қаздырып, соның суын тұтынып келді. Сондықтан таза суды тартуға асығар емес. Алайда ауыл тұрғындары жер ананың тайыз қабатынан шығатын



тазартылатын сүзгіден өтпеген суды ішіп отыр. Мұндай су адам денсаулығына зиян. Сондықтан тұрғындар бірнеше сүзгіден өтіп тазартылған таза суды тұтынғандары абзал. Тағы бір айта кететін жайттың бірі бұл ауылдан көшіп кеткендердің қатары көп болғанымен ақжарлықтар алдағы уақытта көгілдір отыннан да үмітті. Егер ауылға көгілдір отын келсе, қалаға қарай ағылған халық тұрғылықты туған жерде тұрақталып қаларына сенімді.

ОЙЫЛДЫҢ ТАРИХЫ ДӘУІРДІҢ ТЫНЫСЫН ТЕРГЕН КІТАППЕН ТОЛЫҚТЫ



Тағылымды тарихты еске алып отыру, ұлықтау – өсер елдің белгісі. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұраланы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтандақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін дтіттеген мәжесіне абыроймен жеткізе алады» деген сөзі бар. Елбасы өз сөзінде айтқандай, «мемлекет пен ұлт қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді». Сондықтан өзіміздің ұлттық-мәдени құндылықтарымызды заман ағымына сәйкес бейімдеу қажет. Өркенитетке ұмтылу, өзге елдің озық тәжірибесін, жақсы жақтарын ала білу – бүгінгі күннің басты талабы. ХХІ ғасырда өркенитетті жақсы нәрсенің барлығын сіңіру арқылы озық ұлт боламыз.

Осы орайда «Ойыл. Истории в архивных документах» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі Ақтөбе қаласында өтті. Тарихты термелеген кітаптың тұсаукесеріне Ойыл ауданынан түлгеген, Ақтөбе қаласында тұратын ойылдықтар мен әр жылдары ауданды басқарған азаматтар және ауданның бірқатар мекеме басшылары, еңбек ардагерлері қатысты. Сондай-ақ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Мәңгілік ел» залында өткен тұсаукесерге облысқа белгілі азаматтар мен интеллигенция өкілдері, Ойыл ауданының Құрметті азаматтары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жоғары оқу орындары, музей және кітапхана қызметкерлері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кәе болды.

Салтанатты сөтте сөз алған аудан өкімі Асқар Қазыбаев киелі өлкенің тарихын түгендеуге субелі үлес болып отырған кітап туралы өз лебізін былай өрбітті: «Мұндай танымдық кітаптың жарық көруіне ұйытқы болған Ойыл ынталы тобының мүшесі Нұрлан Жұмағалиевты және тың деректерді жинастыруға ерекше атсалысқан жерлесіміз бүгінде Ресей федерациясы Москва қаласының тұрғыны Олег Ярошенкоға алғысымыз білдіре отырып, есімдерін атап өткенді орынды деп есептеймін. Сондықтан бұл күннің қасиеті осындай туындылар арқылы кейінгі буынның санасында сан қырынан жаңғырып отырады».

Бүгінде мемлекеттік маңызға ие үлкен бағдарламаға айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында бірқатар тарихи танымдық кітаптар жарыққа шығуы – қадірін білетін ұрпақ үшін әрқашанда қастерлі.

Жазылған кітаптың негізгі мақсаты – қалың оқырманға Ойыл жерінің байлығын, хронологиясын және халықтың табандылығы мен қайраттылығын кейінгі буынға паш ету болып табылады.

«Ойыл көздің жасы еді...» деп Асан Қайғы тебірнген өлкенің өткенін түгендеуге өзіндік үлесін қосатын бұл кітаптың бүгінгі ұрпаққа берер ұлағаты мол.

«Туған жер» деген ұғымды қастерлеген аталардың ерлігі бейбітшілік пен бірлікті ту еткен Қазақ даласының бір бөлшегі – Ойылдың қатпарлы тарихының қорына қосылып отырған туынды өзінің бұрын естімеген тың деректерімен құнды.

Ал, тарихтан сыр тартқан «Ойыл. Истории в архивных документах» атты кітаптың лентасын қоғам қайраткері Сапар Сағынтаев пен Ойылдың жанашыр азаматы, әлкетанушы-жерлесіміз Олег Ярошенко қиды.

Одан кейін, кітапты құрастырушылар «Ойыл» ынталы тобының мүшесі Нұрлан Жұмағалиев пен әлкетанушы-жерлесіміз Олег Ярошенко қысқаша шолу жасады. Ал, ардагер журналист Идов Асқар, ардагер-устаз Римма Ихсанова, еңбек ардагері Еркін Құрманбеков, медицина ғылымдарының докторы Б.Жакиев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Шүкеев пен еңбек ардагері Ә.Өкүмөткер кітап туралы лебіздерін білдірсе, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бұлбұл Елеусінова тарихтың көмбесін оқирманға ұсынған азаматтарға облыс өкімі Оңдасын Оразалиннің алғыс хатын тапсырып, Олег Ярошенконың мығына шапан жапты.

Салиқалы кездесудің соңында сөз аудан өкімі Асқар Қазыбаев кітапты құрастырған азаматтарға Ойылдың тарихын жаңғыртуға қосқан үлестері үшін аудан халқының атынан ризашылығын білдірді.

БЕСТАМАҚТЫҢ ЕСЕЛІ ҚУАНЫШ ЕҢСЕЛІ ЕЛДІҢ КУӘСІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМІ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ, АСЫЛТҰҚЫМДЫ МАЛДАРДЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨРМЕСІМЕН ТАНЫСТЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, БИЫЛ ҒАНА БІЛІМ КҮНІН БҮКІЛ АУЫЛДЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ҒИМАРАТЫНА БАС СҰҒЫП, САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГЕНЕ ҚАРАСТЫ БЕСТАМАҚ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ӨЙТКЕНІ, СОЛ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ЕҢ ШАЛҒАЙ АУЫЛЫ БЕСТАМАҚТЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ БҮЛКЕН ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН КЕЙІН АЛҒАШҚЫ БОЛЫП БЕСТАМАҚ АУЫЛЫНА ГАЗ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛЫП, КӨГІЛДІР ОТЫН ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГЕНЕ ҰСЫНЫЛДЫ.

«Біткен істің басына» келген өңір басшысы Оңдасын Сейілұлы, «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлердің инфрақұрылымын дамыту тапсырмасының оянына орындалып жатқанының куәсі. Елбасының сындарлы саясатының жемісі. Яғни, өркенитеттің жалғай шалғай ауылдарға да жетті», - деп, тұрғындарды құттықтады.

— Бүгін Бестамқа ауылының тұрғындары үшін маңызды күн. Көгілдір отынымыз ауыл халқын қуанышқа бөлеп, әрбір тұрғынның үйлерін жылытуға мүмкіндік туып отыр. Елбасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, облысымыздың барлық елді мекендерін газбен қамту қолға алынып,

жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Соның айғағы, міне, бүгінгі өздеріңіз күе болып отырған игілікті іс.

Бүгінгі таңда Ойыл ауданы тұрғындар санының 38,3 пайызы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Іске қосылғалы тұрған газ тарату құбыры желісін тарту жұмыстары 2017 жылы басталған болатын. Бұған бюджет есебінен жалпы құны 1 миллиард 47 миллионнан астам теңге бөлінді. Аталған газ желісін тарту арқылы 40-қа жуық тұрғын үй мен мектеп, медпункт, ауылдық клуб секілді әлеуметтік нысандарды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Жуық арада әрбір үйге енетін көгілдір отынның жылуы тұрғындардың өмір сапасын жақсарту түсетіндігі анық. Газдың тартылуы ауылдың тұрмыс-тіршілігіне жаңа бір леп беріп, шағын және орта бизнестің, әлеуметтік нысандардың көптеп ашылуына өз септігін тигізетіні де анық.

Көгілдір отынның жылуы әр шаңыраққа құт-береке, мол ырыс пен ынтымақ әкелсін! Бүгінгі шара алдағы табысты, жемісті күндердің бастамасы болады деген сенімдемін, — деп осынау қуанышпен құттықтаған облыс өкімі артыныша жұртшылықпен біраз қариялардың лебізін тыңдады. Алғашқы болып үйіне көгілдір отын құбырын жүргізген ауыл тұрғыны Балтабай



Бисенов облыс басшысына жерлестерінің ыстық лебізін үлкен толқыныспен жеткізді. Бұл тұрғындардың осында көптеп шоғырлануына, жол бойындағы шағын шаруасын өркендетуге, жалпы жақсылыққа бастайтын игілікті іс екенін айта келе, ол облыс басшысын шаңырағынан дәм татуға шақырды.

Мерекелік құттықтаулардан соң, еңбек ардагері Нұрберген Бержекенов пен көп балалы ана Майра Төребекова ауыл шетіндегі көгілдір отын құбырын ресми түрде іске қосты.

Сонымен қатар, ойылдықтар быыл өркенитеттің тағы бір игілігіне қол жеткізегі отыр. Ол - аудан орталығына жүргізіліп жатқан оптикалық талшықты байланыс жүйесі. Мектеп ауласында «Қазақтелеком» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының жергілікті байланыс техникалық торабының директоры Ғалымжан Сүйімбаев құрылыс барысы мен қамтылу аймағы туралы түсіндірді. Ал, байланыс саласының мамандарына ауданды ғаламтор желілеріне қосу жайын пысықтады. «Заман игіліктерін тек әлеуметтік нысандарға қойдырып қоймай, ауыл тұрғындарына да ұсыну қажет. Бұл — басты талап. Сосын мейлінше сапасы жоғары желілерді пайдаланыңыздар», — деді Оңдасын Оразалин.

Өңір басшысы осы оқу жылында ашылған Тайсойған негізгі мектебіне материалдық-техникалық базасымен танысу барысында ғаламторды мейлінше жоғары жылдамдықта беру керектігін ескертіп, үл-қыздардың алаңсыз білім алуы — басты мақсат екенін атап өтті.

Ал, ауылдың білім ордасы ғана емес, ажарлы мекеніне айналған сәулеті мен салтанаты жарасқан «су жаңаң» мектепке Оңдасын Сейілұлы толық жабдығымен компьютер сыйлады. Мектептің ауласына шырша ағашын отырғызды.

Облыс өкімі Саралжын ауылдық округіне қарасты Қоңырат елді мекеніндегі «Тәжібай-Агро» ЖШС жұмысымен де танысты. Асылтұқымды мүйізді ірі қара шаруашылығымен айналысатын серіктестіктің басшысы Абыл Сатаевтың айтуынша, иелікте 71 бас ангус тұқымының сиыры бар. Ал жұмысшылардың саны — 9. Сондай-ақ, шаруашылық аумағында аудандағы асылтұқымды малдардың көшпелі көрмесі өтіп, бұл іске ден қойған шаруалар мал басы, тыныс-тіршілігі туралы өңгімеледі. Оларды толғандыратын басты мәселе — мал терісін өткізетін, оны соятын орынның болмауы. Іле-шала облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Құсайын Серсембайға осы түйтіл бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Тартылатын инвестиция көлемі 200 миллион теңгеден асады деп күтілуде. Кездесу соңында Оңдасын Сейілұлы мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көру, барлық жаңашылдықтарды оңтайлы пайдалану арқылы шаруалардың табысқа жететінін тілге тиек етіп, оларға бұны өз деңгейінде түсіндіру сала мамандарының міндеті екенін жеткізді.

ОЙЫЛДА ҒҰН ДӘУІРІНІҢ ҚОРЫМЫ ЗЕРТТЕЛІП ЖАТЫР



Ойылдың Сорлақмола қорымына ғұн дәуірінің адамдары жерленген. Археологтар қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Космотүсірілімдерден тек ғұн дәуіріне жататын қорымдар іріктеліп, археологтар қазба жұмыстарына кірісті. Шілде айында басталған жұмыс өз нәтижесін берді. Ойыл ауданының Шиқұдық ауылынан 2-3 шақырым қашықтықта ғұн дәуірінің адамдары жерленген.

«Зерттеп жатқан нысанның бірі қорымның оңтүстік бөлігінде орналасқан. Тізбектің шетінде қазу жұмысы жүріп, ғұн дәуірінің өйелі табылды. Қабірі жіңішке, адам солтүстікке бағытталып, шалқасын жатқызылған. Моңшақ, қапсырма, айна мен пышақ, ұршық табылды. Қорымда жерлеу рәсімі де өткен. Ол табылып, сыңан құмыра анықталды», — деді Тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының басшысы Аслан Мамадов.

Айта кетейік, зерттеуді Ақтөбе облыстық тарихи-әлкетану музейі мен Тарихи мәдени мұраларды зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығының археологиялық тобы бірлесе жүргізіп жатыр. Арасында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері де бар. Космотүсірілім кезінде 100-ден астам ескерткіш табылған.

«Ғұн дәуірінің ескерткіштері аз зерттелген. Бұл қоныс аудару көзнен бауланатыны. Яғни, Солтүстік Қытай, Моңғолиядан басталған қоныс аудару бүкіл Қазақстан аумағын қамтып өтіп, Рим империясына жеткені белгілі. Біздің заманымыздан І ғасырында қоныс аударып, Батыс Еуропаға күш жинап баруының себебі осы жерде. Олар осы жерде екі ғасырдай мекендеген. Яғни, біздің заманымыздан ІІ ғасыры мен ІV ғасырдың 70 жылдарына дейін болған. Қазақстаның батыс аймағы мен Ақтөбе облысында болғанын анықтау, ізін табу қиынға түсті. Себебі олар сармат, сақтар секілді ескерткіштерін биікке салмаған, керісінше байқалмайды», — деді облыстық тарихи-әлкетану музейінің ғылыми қызметкері Мейрам Дүйсенғали.

Ақтөбе облысында ғұн дәуіріне жататын бір мыңға жуық қорым бар. Зерттеушілер бір ғана Ойылдан 100 нысанды анықтап отыр. Барлау жұмыстары келер жылдары да жалғасады. Алғашқыда төрт нысан қазылды. «Алдағы уақытта көшенді түрде зерттеу керек. Геофизика едісін де қолданған тиімді. Бәрі қаржыға байланысты. Қарағанды, Алматыда бар құрылғыны алдағы уақытта пайдаланғымыз келеді. Украиналық компаниямен келісім жасалуы мүмкін», — Мейрам Дүйсенғали.

КӨШПЕЛІ СЕМИНАР КӨП СЫЙ ҰСЫНДЫ

«Қазақстандық кәсіподақтар - тұрақтылық тірегі, әлеуметтік-еңбек қатынастарының арқауы» - деп Елбасы атап көрсеткендей, қай қоғамда да өзіндік атқарар орны бар кәсіподақ ұйымы бүгінде заман талабына сай ізденістер үстінде. Сол ізденістің куәсі – халықпен тікелей жүздесіп, талап-тілегіне құлақ тұру. Өйткені, кәсіподақ –қоғам дамуының ажырамас бөлігі.

Осы арада аудандық мәдениет үйінде «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Жаһандану жағдайында білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы жұмысының өзектілігі» атты көшпелі семинары өтті. Семинар жұмысына

Ақтөбе облысындағы аудандардағы филиалдарының төрағалары мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айгүл Мұқашева, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серікова, ауданы өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев және Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избагамбетова мен аудандағы салалық кәсіподақ



ұйымының мүшелері қатысты.

Көшпелі семинардың шымылдығын ашқан «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Раушан Серікова жалпы облыстағы жұмысты саралап, оның ішінде Ойыл аудандық филиалының жұмысын жоғары бағалап, мүшелерінің белсенділігін атап өтті. Сонымен қатар, өздері тарапынан жасалған ұсыныс-тілектер мен мұғалімдердің мүддесін қорғауға бағытталған жұмыстары үшін ауданның атқарушы билігіне де алғыстарын білдірді. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айгүл Мұқашева осы қызметке жуырда тағайындалғанын және іссапарын өзінің туған өлкесінен бастап тұрғанын мақтанышымен жеткізіп, кәсіподақ ұйымының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірді. Ал, өңгімесін «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасына бұрғанда тереңнен толғады. Аталған заң жобасын әзірлеуге, оны одан әрі Мәжілісте қарастыру үшін құрылған жұмыс топтарының мүшесі ретінде ұстаздар қауымына кейбір мәселелерді жан-жақты түсіндірді.

Яғни, Мәжілістегі Заң жобасын талқылау кезінде 5 баптың мазмұны түбегейлі өзгеріпті. Нәтижесінде, «Педагогикалық әдеп және педагогтың анты» деп аталатын баптың «Педагогтың анты» деген бөлігі алынып тасталыпты. Ал, аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудандағы білім саласына жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы айтса, семинар барысында сөз алған «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің заңгері Райхан Қыдырбаева мұғалімдердің сауалдарына жауап берді. Семинар соңы кәсіподақ мүшелеріне құрметке ұласты.

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ



Желтоқсан айының басында ауданымызға Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, көптеген халықаралық, республикалық мүшәйралар мен байқаулардың жүлдегері, ақын Ертай Ашықбаев келді. Аудандық мәдениет үйінде аудан жұртшылығымен кездесіп, өмір жолы мен өнер жолынан сыр бөлісті. Аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымының ұйытқы болуымен өткен шара шақырылған қонақтары мен өлеңге сусаған жұртшылықты бір серпілтті. Кездесу кешінің шымылдығы Ертай Ахатулының өнер жолындағы әртүрлі кездесулермен бірге артында өлмейтін мұра боп қалған кітаптары тізбектелген бейнебаянмен түрілді. Одан кейін мектеп оқушылары ақын ағамыздың алдында оның өлеңдерін жатқа оқыса, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары оның сөзіне жазылған өндерді тарту етті. Өзінің өлеңдерін оқыған өрендерге ризашылық ілтипатын білдірген ақын өзі де сағыныш сезімі тұнған ой салар бірнеше өлеңдерін оқып берді. қ

Айтулы көште бірнеше кітаптың авторы Ертай ағамызды жиылған көпшілік, әсіресе кейінгі жас буын сан ғасырлық тарихы бар Ойылға жат еместігін жүрекпен туған өлеңдері арқылы білді. Расында Темир ауданының Бағатай ауылында дүниеге келген өлеңнің өр тұлғасы іргелес жатқан қос ауылдың маңдайына біткен әдебиет өлеміндегі жарық жұлдызы десек артық айтқандақ болмас. Сондықтан ақынның өр өлеңін ыстық ықыласпен бар зейінін салып тыңдаған қалың жұртшылық ыстық қошеметін аямаса, аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан өкімдігі атынан шапан жауып, сый-сыяпатын табыстады.

АЙТУЛЫ МЕРЕКЕДЕ «БЕРЕКЕ» МЕЙРАМХАНАСЫ АШЫЛДЫ

СОНҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ӨЗ КӘСІБІН КЕНЕЙТУ ҮШІН ҮКІМЕТ ТАРАПАНЫН ЖЕҢІЛДІТІЛГЕН НЕСИЕ АЛУ ҮШІН КӨПТЕГЕН ҚОЛДАУЛАР КӨРСЕТІЛІП КЕЛЕДІ. АУДАНЫМЫЗДАҒЫ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАРЫСА БОЙ КӨТЕРУІ БІЗДІҢ АЙМАҚТАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНЫҢ ІЛГЕРІ ДАМУЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ.



Осы орайда жуырда көп жылдардан бері жеке кәсіпкер болып, халық тұтынатын тауарлар сатып қызмет көрсетіп келе жатқан Айнаш Шуақова село орталығынан «Береке» атты мейрамханасын ашты. Атап өтсек, Еңбек нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» құқылы 6 миллион теңге көлемінде несие алып, шаруасын кеңейтіп отыр. Көкжар көшесіне сөн беріп, сәулеті жарасқан мейрамхананың ашылу салтанатына Айнаш Сағынғалиқызының ағайын-туыстары, сауда-саттық саласындағы достарымен бірге аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатынасып, жиылған жұртшылықты Тәуелсіздік мерекесімен қатар жаңа мейрамхананың ашылуымен құттықтады. Сонымен бірге жиылған көпшілік шашу шашып, ақжарма тілктерін кезектесе білдірді. Жаңа мейрамхананың лентасын Рысты Сағынғалиқызы мен Павел Дмитриевич қиды. Одан кейін Айнаш Сағынғалиқызының қуанышымен бөлісе келген көпшілік «Береке» мейрамханасының төрінде орын алып, жайылған дастарханнан дәм татты.



Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты өз жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сай, халықтың экономикалық жағдайын, әлеуметтік және демографиялық құрамын ескере отырып, сонымен қатар, мемлекет басшысы бекіткен бағдарламалық құжаттарды облыс, аудан өкімдерінің тапсырмаларын орындау бойынша жұмыстарды жоспарлай отырып орын-дайды.

Округтің демографиялық көрсеткіштері
Округтегі жалпы халық саны – 1814, оның ішінде: Қаратал ауылында – 1169 адам, Қарасу ауылында – 129адам, Құмжарған ауылында – 516 адам тұрады. Еңбек ететіндер – 212, зейнеткер – 181, мүгедек – 47, мектепке дейінгі балалар саны – 245, мектеп жасындағы балалар саны – 428, 466– жастар (14 – 29 жас) тұрады. 2019 жылы 30 бала дүниеге келді.

Салықтарды және басқа да міндетті төлем-дерді жинау, салық салынатын базаны кеңейту
2019 жылдың салық түсімдерінің түрлері бойынша жоспарланған :
-көлік салығы 1 100 мың теңге – орындалуы 980728=89%;
-жер салығы 80 мың теңге - орындалуы 73300=92%;
-мүлік салығы 14 мың теңге – орындалуы15532=101%;
-жеке кәсіпкерлердің табыс салығы 440 000 - орындалу 222 131 =51%;
-жалға беру 180 мың теңге - орындалуы 282 000= 157%;
Барлығы 1 573 691 теңге түсті.

Өңірлерді дамыту» бағдарламасы
Құмжарған ауылдық клубына 2 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді.
Асыл тұқымды мал сатып алу
- «Диар» ШҚ басшысы Р.Сұлтанғалиева 19 950 000 теңгеге 40 бас жылқы;
- «Қоспан» ШҚ Е.Қалниязов 4 000 000 теңгеге 16 бас МІҚ;
- «Ақбота» ШҚ басшысы Е.Өтемісов 2 100 000 10 бас МІҚ малы;
- «Болашақ» ШҚ басшысы Т.Жауынбаев 3 700 000 теңге 8 бас жылқы;
- «Жеке кәсіпкер» Е.Тұңғатар 2 000 000

теңгеге 5 бас жылқы малдарын сатып алды; Барлығы: 53 бас жылқы, МІҚ 26 бас - 31 750 000 теңге.

Кәсіпкерлік саласы бойынша
Мемлекеттік бағдарламалар аясында округте кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күнде ауылымызда Наубайхана, монша,тойхана, шаштараз, тігін цехы, пошта қызметі, сауда дүкендері және тақис қызметі ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп, қалыпты жұмыс жасауда. Жыл ішінде салық органына 19 жеке кәсіпкер тіркелді. Жеке кәсіпкер Ешпанова Назгүл Қайроллақызы 3 500 000 теңге несие алып, жаңа дүкен ғимарат ашып, наубайхана қызметіне қажетті құрал-жабдықтарын жаңартты.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының 2 – бағыты аясында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қаржылай емес қолдау операторы ретінде ұйымдастырған «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыту жобасы бойынша 28 адам оқуға ниет білдіріп, сертификат алды. Оның ішінде 9 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, әр адам 505 000 теңге қайтарымсыз несие алып, МІҚ және қой-ешкі малдарын сатып алды.

Барлығы 4 545 000 теңгенің 76 қой-ешкі және 18 мүйізді ірі қара.

Мал саны, ауылшаруашылығы саласында жүргізілген жұмыстар және ветеринарлық іс-шаралар
2019 жылы округтегі мал саны МІҚ 5800, қой-ешкі саны 18 510,жылқы 1662 бас , түйе 28 бас дерекқор базаға тіркелген. Округ бойынша 7368 бас малға бірдейлендіру жұмыстары жүргізіліп, сырға салынып, дерекқор базасына енгізілді. 22 аулаға дезинфекция жұмыстары жасалынып, 100 ит ауланды.

Жоспары бойынша елу жұмыстары уақытымен орындалады. 4957 бас МІҚ, 11783 бас ұсақ жандық, 12 бас жылқы, 5 бас түйе және 17 ит «серро-логиялық» тексеруден өткізілді. Оның ішінде бруцеллез ауруына анықталған 21 бас МІҚ және 11 бас ұсақ жандық уақытында жойыл-ды. Округ бойынша мал бордақылау алаң-дарына 127 бас МІҚ тапсырылды. Округ бойынша жыл басынан бері 1 «Шектеу іс – шаралары» «Али» шаруа қожа-лығы бойынша МІҚ малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты белгіленді. 13.02.2019 жылы ветеринариялық-санитарлық іс-шараларының аяқталуына байланысты «Шектеу іс – шараларын белгілеу» туралы шешімнің күші жойылды.

Округ бойынша барлығы 40886 мал басына ветеринариялық іс – шаралар жасалды. Оң

нәтиже берген 108 бас МІҚ, 202 бас қой – ешкі анықталып, толық жойылды.

Округ бойынша «Нұр-Ақан» ШҚ және «Болашақ» ШҚ басшылары тамшылатып суару өдісімен бау-бақша егіп, картоп, қарбыз, қауын, сөбіз, қызылша, қызанақ т.б. көке-ністерді ауыл, аудан тұрғындарына ұсынып, аудандық, ауылдық жәрменкелерге қатысты. Ш.Берсиев атындағы орта мектебі 2 гектар жерге картоп, қызанақ, қияр және сөбіз екті. Шыққан өнімді мектепке қарасты балалар интернатына берді.

Бағаларды тұрақтандыру бойынша жұмыстар

Дүкендердегі әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізіледі. Жеке кәсіпкерлермен бағалардың көтерілуін болдырмау туралы түсінік жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда жоғары сұрып нанның бағасы 90-100 теңге. Округ бойынша Қаратал ауылындағы 2 дүкен және Құмжарған ауылындағы бір дүкен иелерімен мониторинг жасалды.

Округтегі санитарлық тазалық, абат-тандыру жұмыстары

Ойыл ауданы өкімінің 29.03.2019 жылғы №136 өкімі негізінде көктемгі 2 айлық сенбілік кезінде 10 рет сенбілік жұмысы ұйымдастырылды. Сол сенбілік кезінде 100 тонна күл-қоқыс полигонға шығарылса, күзгі сенбілік кезінде 46 тонна күл-қоқыс тазартылды. Саябаққа 100 түп ағаш отырғызылды.

Округтегі әлеуметтік сала бойынша
Білім беру мекемелері – 2 орта мектеп, 1 бастауыш мектеп, 1 мектепке дейінгі мекеме, 2 ауылдық клуб, 3 кітапхана, 1 жаңаулық амбулатория, 2 фельдшерлік пункт тұрақты жұмыс жасауда. Барлық әлеуметтік нысандар талапқа сай ағымдағы жөндеуден өткізілген, жылу қазандықтары тұрақты жұмыс жасауда. Мәдениет ошақтары ауыл тұрғындарының басын қосуға білімі мен өнерін жетілдіруге, мүмкіндігі бар бірден-бір мәдени орталық болғандықтан, көпшілік шаралар ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарына өз қызметін көрсетуде.

Округ бойынша 54 алтын алқа, 34 күміс алқа иегерлері бар. Атаулы мерекелер, оның ішінде «8 наурыз», «Наурыз мерекесі», «Жеңіс күні», «Қарттар күні» және Тәуелсіздік күніне орай жыл қортындысы негізінде округ тұрғындарын марапаттап, мерекелік дастархан ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарының қатысуымен аталып өтілді.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында Қаратал ауылындағы саябаққа воркуаттар орналастырылды. Ш. Берсиев атындағы атындағы орта мектебіне «Музыкалық аппарат» және спорт құралдары берілді. Құмжарған ауылы бойынша Сөркек алау мектебінің материалдық техникалық базасы жөжаңартылып, Құмжарған ауылдық клубы

жанындағы талдары қоршалды. Қарасу ауылы «Құрманов» бастауыш мектебі жанынан балаларға арналған шағын ойын алаңы жасақталды.

Округ көлемінде жыл ішінде жалғыз басты адамдарға, аз қамтылған отбасыларына, мүгедек жандарға өртүрлі демеушілік көмектер мен қайырымдылық акциялары жергілікті өкімшіліктің қолдауымен және кәсіпкерлердің демеушілігімен ұйымдас-тырылады. 38 мүмкіндігі шектеулі адамдарға мерекелік дастархан ұйымдастырылып, сыйлықтар берілсе, 3 мүмкіндігі шектеулі жандарға отын ағаш берілді. Жалпы округ бойынша 10 мұқтаж отбасына 100 мың теңге көлемінде көмек берілді.

Жаңа жыл қарсаңында округ өкімдігінің ұйымдастыруымен аз қамтылған, көп балалы, мүмкіндігі шектеулі отбасыларының 25 баласына «Әкім шыршасы» мерекелік шарасы өткізіліп, әр балаға 2500 теңге көлемінде сыйлықтар және мерекелік дастархан ұйымдастырылды.

2019 жыл бойынша Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ өкімінің 03.01.2019 жылы №1 санды өкіміне сәйкес «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» көрсетуіге өтініш білдірген адамдардың материалдық жағдайын тексе-ру жөніндегі уәкәселік комиссия құрылған. Сол комиссияға 90 отбасы өтініш білдірген. Оның ішінде 55 отбасыға тағайындалды. Шартсыз отбасы саны - 5, шартты отбасы саны - 50. Атап айтқанда Қараталда ауылында - 36 отбасы, Құмжарған ауылы бойынша - 18, Қарасу ауылы бойынша - 1 отбасы.

Жастармен жұмыс
Бүгінгі күні округ аумағында 14-29 арасында мекенжайлық жұмыс нәтижесі бойынша 466 жас бар. Оның ішінде 103 студент. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің жастарымен бірлесе отырып, атқарылатын іс – ша-ралардың жүйелі түрде өтуі үшін және жастар мен студенттердің жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында жоспар жасақ-талды. Жоспар аясында жылдың басынан бастап көптеген шаралар атқарылды.

Округ бойынша «Жастар жылына» бай-ланысты Жастар форумыы табиғат аясын-да аудан жастарының басын қосып, аудан өкімімен кездесу өткіздік. «Жастар ел болашағы» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді. Әр салада жасап жүрген жастармен кездесулер ұйымдастырылды.

Құжат айналымы
Жыл басынан бері «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде нормативтік құқықтық акті бойынша 93 өкім және 27 шешім қабылданды. Кіріс–шығыс құжаттарының айналымы 1190, оның ішінде 690 кіріс құжаттары және 500 шығыс құжаттары. Берілген анықтамалар саны 211-ді құрап

отыр. Нормативтік істерді жүргізуде тұрғындарға 90 нотариаттық іс жасалып, 14622 теңге баж салығы өндірілді.

Осы уақыт ішінде ауыл тұрғындарынан 58 өтініш түскен, оның 36 өтініш жазбаша және 20 адам округ өкімінің қабылдауында болған. Барлық өтініштер тіркеліп, тиісті жазбаша жауабы берілді. 2019 жылдың 21 қараша-сында «Бірыңғай Ұлттық азаматтарды қабылдау» күні 4 өтініш тіркелген: оның ішінде 1 отын сұраған; 1мамандығы бойынша жұмыс; 1 қайтарымсыз несие туралы; 1 ақылы қоғамдық жұмыс туралы сұраған.

Тұрғын үйіне отын сұраған өтініш қанағат-тандырылды. Қалған өтініштер тиісті орган-дарға жолданып, жазбаша түрде жауап алынып түсіндірілді.

Пробация және кәсіпқой емес медиаторлар кабинеті жасақталды. Ойыл аудандық қор-ғаныс істері жөніндегі бөліміне көктемгі және күзгі өскерге шақырушыларды тексеруден өткізуге – 100 адам жоспар бойынша шақырылып, толық тексеруден өткізіліп, 21 өскерге шақырылушы өскер қатарына алын-ды.

Мемлекеттік қызметтер
Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына жүргізілген қоғамдық мониторингтің ұсыныс-тары ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуді сапасын арттыру бойынша ша-ралар қабылдандуа. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17.09.2013 жылы № 983және Қазақстан РеспубликасыҮкіметінің 2019 жылғы «22» сәуірдегі №217 қаулысымен өз-герістер енгізілуіне сәйкес «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметтердің 20 түрі көрсетіледі.

Тұрғындармен жұмыс
2019 жылы Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша тұрғындармен барлығы 28 кездесу жиыны өткізілген. Оның ішінде, 7 қоғамдастық жиыны, 21 рет халықпен кез-десу өткізілді. Жоғарыда көрсетілген жиын мен жиналыстарға ауыл тұрғындары, қоғам-дық кеңес мүшелері округ өкімі жанындағы кеңес мүшелері және аудандық құқық қорғау органдарының басшыларымен және аудан-дық ақпараттық насихаттық топ мүшелері қатысты.

Алдағы міндеттер
- Мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасаушылардың санын көбейту.
- Округтің көркеюін одан әрі жақсарту үшін «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жұмыс жасау.
- «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы жобалық сметалары дайын көше-лерге тас төсеніштерін төсеу.

А.ИЗБАСОВ, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің

ҮЛКЕН АУЫЛДА ҮМІТТІ ІСТЕР КӨП



Ауылдық округ аумағында ауыл шаруа-шылығымен бірге шағын кәсіпкерлікте дамуда. Миграциялық процесс жүріп жатса да, халық саны азайған жоқ. 2019 жылдың 1 қаңтарына 6841 адам құраса, 2020 жылдың 1 қаңтарына 6930 адамға жетті. Оның ішінде Ойыл селосында 5819 адам. 2019 жылға ауылдық округте әлеуметтік-экономикалық дамуы оң динамикасын көрсөтіп отыр. Дүниеге келген сөбилер саны 180 бала, дүниеден өткен 40 адамды құрап отыр. Зейнеткерлер 670 адам. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар 200 адам. Студенттер 310 адам. 2019 жылы Ойыл ауылдық округі бойынша 2 «Алтын алқа», 4 «Күміс алқа» наградасымен марапатталса, 1 - «Алтын алқа», 5 - «Күміс алқа иегерлерінің құжаттары дайындалып, ұсынысқа жіберілді.

Бюджет
2019 жылғы бекітілген бюджетке сәйкес жоспар бойынша барлық кіріс жоспар 13 320 мың теңге. Оның ішінде, табыс салығы - 6 600 мың теңге, мүлік салығы -260 мың теңге, жер салығы – 320 мың теңге, көлік салығы - 4 930 мың теңге, салықтық емес түсімдер -1 210 мың теңге.

Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша - 10 975 мың теңгеге көшелерге қиыршық тас (шебень) төселді.

Аудандық маңызы бар қалаларда, ауыл-дарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу бағдарламасы бойынша Желтоқсан-Сәтпаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары аяқталып -10 074мың теңге игерілді. Көкжар және Шернияз көшелерінің бастапқы жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен ағымдағы жылға -10 000 мың теңге бөлінді, қалған қаражаты 2020 жылға жоспарлануда.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді эконо-микалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуіге арналған іс-шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша - 6 326 мың теңгеге жиектастар (брусчатка, бордюр) сатып алынып, жаяу жүргіншілер жолына төселінді.

Ауыл шаруашылығы
Ауылдық округтің ауыл шаруашылық алқабы 160 491 га. Шаруашылық құрылым-дары мелігінде 77540 га жер учаскесі бар. Ауылдық округтің аумағында 60 ШҚ, 20 ЖШС, 3 АӨК, 1 ӨК бар. Шаруа қожалық-тарында тіркелген жұмысшылар саны 95 адам. Еңбек даулары туындаған жоқ. Округ бойынша асыл тұқымды мал алу бойынша жоспар орындалып, 100 пайыз көрсеткішті көрсетіп отыр. Барлық ШҚ мен ЖШС-лар қысқы мал азығын жеткілікті қылып жинап алды. 2020 жылдың 1 қаңтарына санақ қорытындысы бойынша округ тұрғындары, шаруа қожалықтары және заңды тұлғалар

бойынша мал басы саны : МІҚ 9838 бас, жылқы-2296 бас, қой-ешкі - 27256 бас, құс-7810 бас. Осы орайда округте сиыр мен жылқы басының өсімі бар. Жыл басынан бері округте мал дөрігерлік шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды. Округ бойынша санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында сарып ауруына шалдыққан малдар «Мұрагер» ЖШС-нің мал сою пункті арқылы сою жолға қойылған. Жоспар бойынша 16831 бас қой-ешкі бруцеллезге тексерілу керек болса, оның 15703 басы тексеріліп, оң нәтиже берген 19 бас жойылса, мүйізді ірі қара жоспар бойынша 8344 бас тексерілу керек болса, оның 7824 басы тексеріліп, оң нәтиже берген 69 басы түгелдей жойылып, тиісті көлемде өтемақы төленді.

Жалпы жыл басынан бері қаңғыбас 209 бас ит жойылды. Алайда тұрғындардың сойыл-ған, кеткен малдарын ИСЖ базасынан есептен өздігінен шығаруы баяу. Бау-бақша өсіру бойынша Шөңке бағытына 100 га жерге тары егілді. Ауыл сыртындағы өзен жағасына мекемелер, жеке тұрғындар 3,5 га жерге картоп екті. Жеке кәсіпкерлер М.Айдаров, Т.Бақтыгереев, Т.Жауынбаев 2,5 га жерге бау-бақша өнімдерін (қарбыз, қауын, қияр) егіп, өнімдерімен село тұрғындарын қам-теметсіз етті. Округ бойынша тұрғындардың ауласына еккен бау-бақша 30 га құраса, Ақшатау және Ойыл ауылы тұрғындары іргесінен ағып жатқан өзен бойына 4 га аумаққа картоп отырғызды.

Субсидиялау
МІҚ бойынша: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы «скер» бағдарламасы бойынша 4 ШҚ, МІҚ 33, жылқы 21 басқа 12 млн 200 мың теңге төленді. Округ бойынша 7 ШҚ 557 бас МІҚ сатып алыған. Оған 5 570 000 теңге субсидия төленді. Қоғамдық табынға қосылған 13 бас асыл тұқымды бұқаға 1 300 000 теңге төленді. ШҚ мен тұрғындар «Актеп» ЖШС мал бордақылау алаңына 90 бас бұқашықтар тапсырды. Жоспар 100 пайыз орындалды.

Кәсіпкерлік
Округ бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 412 бірлік. Оның ішінде – ЖШС – 20, ШҚ – 60, ЖК – 328, АӨК – 3, ӨК – 1. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 2 бағыты аясында» округте 21 адам барлығы 86,10 млн теңге несие алды. Жыл басынан бері аудан орталығында А.Шауқованың «Береке», Т.Ескапиевтің «Нұрлыбек» асханасы, жеке кәсіпкерлер Әлібеков Мирантың «Айару», Н.Алипованың «Сапа», Б.Мұхамбетқалиевтің «Атамекен» азық-түлік дүкені ашылса, жеке кәсіпкер Д.Раушанов қуырлыс дүкенін кеңейту мақсатында қосымша құрлыс салып дүкенін жаңғыртты. 2020 жылға дейін бірқатар инвестициялық жобалар ұсынылған болатын. Атап айтсам, жеке кәсіпкер М.Әлібеков Автокөлік жөндеу орталығын іске қосты. Жеке кәсіпкер А.Ғазизова жеке балабақшасын алдағы жылға жоспарлап отырса, жеке кәсіпкер Б.Ақан сапаржай, қоңақ үй кешенінің құрылысын бастады. Келер жылға құрылыс жұмысын аяқтап, іске қосу жоспарлануда. Жеке кәсіпкер К.Өліп тойхана құрылысын бастаса, «Аразан» киім дүкені - иесі ЖК Д.Айдаров Ш.Берсиев көшесінен бұрынғы базар орнынан жер алып заман талабына сай Сауда үйін салып, газ кіргізіп, іске қосуды жоспарлауда. Округте қоңыр, құс өсіру терізді салаларды қолға алындыр болмай тұр. «Бизнес-бастау» жобасына округтен 260 адам өтініш білдіріп, арнайы тестілеу арқылы 260 қатысушы оқу курстарына жолдама алды, 100 пайыздық

көрсеткіш орындалды, 4 қатысушы 2880 000 теңгеге 100 АЕК қайтарымды грант иегері атанып, өз кәсіптерін ашты. С.Мырзағалиева «Қаржылық қолдау қоры» арқылы 5 млн. теңге несие алып жылыжай ашты. Жылдық жоспар 33 қатысушы 122,22 пайызға орындалды. Ауыл шаруашылығын қолдау бойынша «Мұрагер» ШҚ, «Мақсат» ШҚ, Ж.Нұрқасова, С.Шахметов 22,3 млн теңге несие алып, игерілді.

Әлеуметтік қорғау
Газ тарту жұмысы Ойыл ауылы бойынша толық аяқталды деп айтуға болады. Ойыл ауылы орталығында 1195 үй болатын болса, оның 1180 үйі көгілдір отынның иігілігін көріп отыр. Бұл Ойыл ауылындағы тұрғын үйлердің 98 пайызы. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 50 адам жұмыс жасады. Округ бойынша 642 адам жұмыссыз. Осы ретте шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлердің жұмыс күшіне үнемі мұқтаж болып отыратындығына назар аударма кеткім келеді. Сонымен бірге округте де қоғамдық табынды бағуға малшы жоқ. Тұрғын үй құрылысы жұмыстарына 4 адам жұмылдырылса, қарбыз егуге 5 адам жұмыспен қамтылды. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына 5 адам, ақылы қоғамдық жұмысқа 82 адам қызмет етті. 8 наурыз мерекесіне орай тыл еңбеккерлері, батыр аналар мен «Алтын алқа» иегерлеріне дастархан жайылды. 9 мамыр мерекесіне орай тыл еңбеккерлеріне арнап «Шұғыла» демалыс орталығына дастархан жайылып, 42 тыл еңбеккеріне сый табысталды. Қазан айында қарттар мен мүгедектер күніне орай 120 адамға мәдениет үйінде концерт қойылып, мекеме тарапынан 15 адамға сыйлық табысталды.

Қайырымдылық шаралары
Ауылдық округ тарапынан жалғызбасты қарттарға, аз қамтылған отбасыларға түрлі көмектер берілді. Оның ішінде Е.Браташова, Н.Селбаев, Ж.Төлегенова, Ж.Сатығалиев, Г.Омароваларға округ мамандарының ұйымдастыруымен қолдай көмектер көрсетілді.

2019 жыл басынан округ бойынша атаулы әлеуметтік көмекке 366 отбасы құжат тапсырып, 252 отбасындағы 1512 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. 84 адам шартты түрде тұрақты жұмысқа орналастырылып, 4 адам арнайы курстардан өтті. 5 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Соңғы 3 тоқсан бойынша еңбекақылары қайта есептеліп, артық төленген 50 отбасы атаулы әлеуметтік көмектен қысқартылды.

Ойыл ауылының көмекке мұқтаж тұрғыны, II топ мүгедегі Қ.Халидуллиннің үйіне демеушілердің қолдауымен газ кіргізілді.

1 наурыз - Алғыс айту күні мерекесіне орай көмекке зөру аз қамтылған 30 отбасыға өркеайысына 8000 теңге көлемінде азық-түлік беріліп, тілсіз жаудың кесірінен қыс ортасында баспанасыз қалған 2 отбасыға құрылыс материалдары үшін 50000 теңгеден табысталды.

Қасиетті Рамазан айында Ойыл орыс орта мектебінің 1982 жылғы тұлелері 20 жылдықтарына орай Ойыл ауылының аз қамтылған, көмекке мұқтаж отбасы Н.Омаров есімді азаматтың үйіне көгілдір отын кіргізіп берді. Аз қамтылған отбасы-ларына көмек ретінде Ботақарев Жанғали-дың отбасына 1 көлік шөп (100төк), 1 көлік отын, Бимашева Ақтоты 1 көлік отын, Атыраубаева Райсаға қысқы киім, Нұрмағанбетов Жұмағали, Құбышев Мирамбек, Алиева Тоты, Қазмұханова Гүлжан, Қаттығарын Нұрлан, Жалмұханов Нұрболат-тың отбасыларына азық-түлік 102 000 мың

теңгеге қамқоршылық көмек және мүгедектерді емдеу сауықтыру мекемесіне 20 000 теңгеге сыйлық, барлығы 122 000 мың теңгеге көмек көрсетілді.

Білім беру
Округ бойынша 1 колледж, 4 орта мектеп, 2 негізгі мектеп, 5 бала бақша, 2 мектеп жанындағы балаларды шағын дамыту орталығы, 1 спорт мектебі қызмет етуде.

Денсаулық сақтау
Аудан орталығында аурухана, Қаракемер, Ақшатау, Екпетаалда 3 ФАП қалыпты жұмыс жасап тұр. ФАП-тар алғашқы көмек көрсететін қажетті дәрілермен қамтылған.

2019 жыл бойынша округте 159 өскерге шақырылушы жігіттер өскери комисариатқа шақырылып, 125-ді дәрігерлік тексеруден өтті. Флюороксееуден өту жоспары 3470 адам, орындалғаны 3620 адам. 104,3 пайыз

Мәдениет және спорт
Округ бойынша 1 орталық кітапхана, 1 балалар кітапханасы, 3 ауылдық кітапхана, 1 мәдениет үйі, 1 Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс орталығы және 1 ауылдық клуб халыққа қызмет көрсетуде. Екпетаал елді мекенінде жаңа модульді кітапхана енгізіліп отыр.

Округ бойынша түрлі деңгейде спорттық және бұқаралық спорттық жарыстар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімімен бірігіп ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар ұлттық «Көкпар» ат спорты қайта жанданып, қолға алынуда. Округке қарасты Қаракемер елді мекенінде аталған спорт түрі бойынша команда жасақталып, Ойыл селосында Кекпардан дода өткізілді.

Қаракемер елді мекенінен ауылдың демеушілері көмегімен «Бәйге төбе» ашылды. Ауылдық округ бойынша бір мешіт тіркел



Қоғамдастық мүшелерімен, жалпы халықпен алты айдың және он екі айдың қорытындысы бойынша жиындар өткізіліп, атқарылған және алда атқаратын жұмыстарды талқылап, халықтың ой-пікірін ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін, нәтижелі жұмыс жасау барысында қандай мәселелер барлығы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - атты жолдауы және Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «2019 жылды Жастар жылы» деп жариялауына орай іс-шаралар жоспары, ауылымыздың белсенді азаматтары және жастардан арнайы жұмыс тобы құрылды.

Білім саласы

Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту саласында 1 бала-бақша қызмет етеді. Бала-бақшада 40 бала тәрбиеленуде, бала-бақшамен қамту 72,7%.

Қарай мектеп – балабақшасында 2019-2020 оқу жылында 187 бала білім алуа. Жалпы білім сапасы – 52,4%. 2 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды. Жоғарғы оқу орнының мемлекеттік грантына 4 оқушы иеленді.

2019-2020 оқу жылында Қарай мектеп-балабақшасы оқушыларының жетістіктері: аудандық деңгейде қатысқаны – 45, облыстық деңгейде қатысқаны – 22, республикалық деңгейде – 1, халықаралық деңгейде қашықтаған қатысқаны Смарт олимпиадасына 51 оқушы қатысып, оның 29-ы І орын, 15-і ІІ орын, 7-уі ІІІ орынды иеленді.

Аудандық пәндік олимпиада бойынша жетістіктері:

2019-2020 оқу жылында қатысқан оқушылар саны-13, жетістікке жеткені-8. Облыстық пәндік олимпиадаға 1 оқушы жолдама алды. 2019-2020 оқу жылында Қ.Жүбанов атындағы өңірлік университетінің білім грантын 1 оқушы химия факультеті бойынша иеленді.

Материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында жаңа 16 компьютермен қамтамасыз етілді.

Жазғы демалыста 167 бала демалыс лагерлерінде демалып, сауықтырылды. Жерлесіміз Т.Дүйсегалиевтың демеушілігімен 250 мың теңге көлемінде 5 оқушы «Ақбөбек-Восток» сауықтыру лагерінде демалып келді. 62 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

«Түлек.KZ» және «Туған жерге тағзым» акциясы бойынша 672000 мың теңге көлемінде материалдық – техникалық базасын нығайту жұмыстары жүргізілді.

Кадр мәселесі бойынша 2019-2020 оқу жылында 41 мұғалім мамандығы бойынша жұмыс жасайды. Оның жоғары санатты педагог зерттеушісі -6, педагог сарапшы-2, педагог модератор-7.

Мектепте 4 ақылы («Зерлі жіп», «Тарихи-өлкетану», «Жас әдебиетшілер», «Домбыра»), 10 ақысыз, оның ішінде 6 спорттық («Волейбол» ер, қыз балалар, «Тоғыз-құмалақ», «Теннис», «Футбол», «Жеңіл атлетика», «Домбыра», «Жас оқырман») үйірмелер, «Жігер» ер балалар, «Кеусар» қыздар клубы, «Қамқоршылық» кеңесі жұмыс жасайды. Спорт мектебі жанынан ашылған «Күрес» үйірмесі. Оқушылардың 90 %-ы осы үйірмелерге қатысады.

2020 жылға арналған міндеттер:

- Ауыл мектебіндегі оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту;
- Облыстық, аудандық деңгейде өткізілетін пәндік олимпиадаларда оқушылардың жетістігін көбейту, шығармашылық белсенділігін арттыру;
- Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын жетілдіру;

Денсаулық саласы

Бұл сала бойынша ауылда күндізгі стационарлық амбулатория, Құбасай елді мекенінде МП жұмыс жасайды. Амбулаторияға аға дәрігер және мейірбике қажет. Әзірге мәселе аудандық ауруханадан дәрігерлердің келіп, халықты тексеруімен шешіліп отыр. 2019 жылы 21бала дүниеге келсе, 5 адам қайтыс болды. 60 науқас өртүрлі сырқат бойынша диспансерлік тіркеуде тұрады. Әр ай сайын тегін дәрі-дәрмектері өкеліп беріледі. Үлкен жастағы адамдарға ер жас бойынша АДСМ екпелері талық жасалды. 0-5 жас аралығындағы балалар уақытылы екпелері алынды.

2020 жылға арналған міндеттер:

- Салауатты өмір салтымен өмір сүру және аурудың алдын – алу бойынша халықты ынталандырып, ақпараттануын арттыру;
- Тұрғындардың денсаулығын сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша жұмыстар жүргізу;

- алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге басым бағыт бере отырып, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

- Материалдық-техникалық базасын нығайту;

- Тұрғындарды МӘМС жүйесі бойынша толық қамтамасыз ету;

- Жоғары білімді дәрігер және жедел жәрдем көлігі мәселелерін шешу.

Мәдениет саласы

Оқругте 1 модельді кітапхана және 1 клуб тұрақты қызмет етеді. Ауылдық клубта «Тағылым» аналар клубы, «Айгелек» қызығушылық клубы, домбыра үйірмесі және өртүрлі өнерге баулуға арналған үйірмелер жұмыс жасайды. Сондай-ақ, жыл ішінде ауылымыздан шыққан облыс және аудан орталығында жүрген өнердегі жерлестеріміз, А.Төлепов, Е.Құмаров А.Асанғалиев, М.Жұманғалиева және М.Уталиев сынды азаматтар өз өнерлерін халыққа паш етті. Белсенді жас Айтқалиев Нұрлан Айсәулі

Қарай мектеп-балабақшасы жанынан оқушылардың дарынын шыңдау мақсатында «Алмас қылыш» оқушылар театрын ашып, оқушыларды өнерге баулуда.

Облыстық деңгейде «Мерейлі отбасы» ұлттық отбасылық байқауында Мұхтаровтар отбасы жүлделі үшінші орынды иеленді.

Ауыл ақсақалдары және аналардың ұйтқы болуымен тұрғындар арасында мәдениетті қалыптастыру және зиянды едеттерден арылу мақсатында ішімдіксіз той өткізу үрдісін бастады.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 920 мың теңге көлемінде Қарай ауылдық клубының қоршауы жаңартылды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттарға жаңа кітаптарды үйлеріне апарып беру және жайлауда мал бағып отырған азаматтарға көшпелі кітапхана қызметін қосару ұйымдастырылды.

2020 жылға арналған міндеттер:

- Ауылдан шыққан, елге еңбегі сіңген белгілі тұлғаларға арналған танымдық кештер, кездесулер ұйымдастыру;

- халықтың рухани дамуына ұйтқы болып, ұлттық құндылықтарымызды дөріптейтін мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру;

- тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірмелердің жұмысын жандандыру;

- ауылдық клубта үйірмелер санын көбейтіп, тұрғындарды өнерге баулу;

- материалдық-техникалық базасын нығайту.

Дене шынықтыру және спорт саласы

Ауыл тұрғындарын тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2019 жылы ауыл тұрғындарының 33,5%-ы яғни 415 адам жалпай спортпен айналысатындарды құрады. Облыстық жарыстарға 5 спортшы қатынасып, 1-еуі жүлдегер атанды. Аудандық деңгейдегі жарыстарға 312 адам қатынасты. Жүлделі І орынмен 22 адам, ІІ орынмен 12 адам, ІІІ орынмен 37 адам марапатталды.

Ауыл жастарының кезекті жазғы аудандық спартакиадасында командалық есеппен ІІ орынды Қарай жастары иеленді. Биылғы жылы шаруа қожалық төрағалары және кәсіпкерлер ауылымызда спорт саласының дамуына демеушілік білдірді. «Қарай ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ аудан бойынша «Үздік спорт ұжымы» атағына ие болды. Ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында «Бейге» алаңы жасакталып, командалар құрылып, көкпар, аударыспақ, теңге алу секілді ұлттық ойындар ойнатылды.

2020 жылға арналған міндеттер:

- бұқаралық дене шынықтыру және спортпен айналысушылардың санын арттыру;

- халық арасында салауатты өмір салтының қалыптастыруына жағдай жасау, ынталандыру;

- ұлттық спорт түрлерін дамытуға ықпал ету;

- спорттық секциялардың санын көбейту, аула клубын ашу.

Жастар саясаты

Оқругтегі тіркелген жастар саны – 250. Оның ішінде студент - 78, оқушы – 76, жас отбасы – 50, толық емес отбасы – 17, мүмкіндігі шектеулі жас-1. 75 жас жұмыспен қамтылып, 37 жас өзін-өзі жұмыспен қамтуда. Әскер қатарындағы жастар саны - 3. Басшылық қызметтегі жастар саны-4. Мемлекеттік қызметте – 2. Бюджеттік мекемеде қызмет жасайтын жастар саны – 30, кәсіпкерлік саласындағы жастар саны – 8. «Жас кәсіпкер» және «Бастау бизнес» жобалары бойынша 8 жас оқып, 2 жас 505 мың теңге грант иегері атанды. «Жастар төжірибесі» бойынша 5 жас, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 20 жас жұмысқа тартылды.

2019 жылдың 18 маусымында «Жастар жылына» орай «Жастар-болашаққа жол бастар» атты Жастар күні өткізілді. Шараға өнер жұлдыздары А.Төлепов және Е.Құмаров сынды жерлес жастарымыз келіп, кездесу ұйымдастырып, өн кештерін тарту етті. Ауыл жастары ұйымшылдығын көрсетіп, барлық ауылдық округтерге және көршілес Батыс Қазақстан облысының, Аққозы, Ақтайсай ауылдарына барып, «Жалындаған жастар – ел ертені» атты концертті бағдарламасын ұсынды. «Жастар жылына» орай Жастар саябағына «Жастар love» стелласы орнатылды. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында ауылдық клубта мәдени іс-шаралар, акциялар, кездесу кештері, имандылық сабақтары, билыард, үстел теннисі, би кештері және мектепте волейбол, үстел теннисі, хоккей мұз айдыны, тренажерде жаттығулар, домбыра үйірмелері ұйымдастырылды. «Парыз» патриоттық орталығы ашылып, әскери - спорттық құрылғылар орналастырылды.

2020 жылға арналған міндеттер:

- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, жастарды патриоттық тәрбиелеуге, еріктілік қозғалысын дамытуға, ауылдың жұмысшы жастарын қолдауға бағытталған жұмыстарды жүргізу;

- Кәсіптік білім алуына бағыт-бағдар беру.

Қоғамдық қауіпсіздік және құқық бұзушылықтың алдын-алу. Бұл сала бойынша Қарай мектеп-балабақшасында, Қарай ауылдық клубында және Қарай ауылдық модульді кітапханаларында дін және экстремизмге байланысты 17, сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру мақсатында 11, құқықтық және патриоттық тәрбие беру 38 іс-шара өткізілді. Қарт кісілерге қамқорлық көрсетуге қатысты 15 акция ұйымдастырылды. Қарай мектеп – балабақшасында құқықтық кеңес және «Жігер» ұлдар клубы белсенділігін жұмыс жасайды.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша УПИ полиция қызметкерімен және бекітілген кестеге сәйкес мекеме басшыларымен «Түнгі көше» рейдтері жүргізіледі. Мал ұрлығына жол бермеу, болдырмау мақсатында төмендегілер профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды:

- Жылқы малдарын таңбалау және арнайы қондырғы (GPS) спутник арқылы бақылау құрылғысын алу туралы түсінік жұмыстары жүргізілді;

- 10 бағытта жазғы мал бағу нүктесі ұйымдастырылды. Мал басына, яғни 1 бас МІҚ 800 теңге, 1 бас қой-ешкі 200 теңге қаржысы көктемгі жиында белгіленді;

- Оқруг орталығында 4 бағытта МІҚ малын бағу, 9 бағытта қой бағу кезегі ұйым-

дастырылды. Оның ішінде 2 бағытта МІҚ, 2 бағытта бұзау бағылады;

- Ай сайын жоспар бойынша және жоспардан тыс округ өкімдігі мамандары, мәдени қызметкерлер, дәрігерлер, ветеринариялық мамандар, УПИ қызметкерімен бірге мал бағу нүктелерін аралайды;

2020 жылға арналған міндеттер:

- заң бұзушылық деңгейін төмендету, заң бұзушылықтың алдын алу жүйесін жетілдіру, сондай-ақ, оған ықпал ететін себептермен жағдайларды табу, зерттеу және сол бағытта жұмыстану.

Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы саласы

Округ бойынша 32 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. Шаруа қожалықтары ауыл тұрғындарына қыстық мал азығын дайындаумен айналысады. Ауылда 21 жеке кәсіпкер тіркелген. Азық-түлік саудасын 6 кәсіпкер жүргізеді. Осы орайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында меморандум жасалды. Ағымдағы жылы 5 жеке кәсіпкер тіркеліп, тігін және мал өсіру бағытында өз жұмыстарын бастады.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша «Әділет» шаруа қожалығы (басшысы Ө.Ғазиз) 11 млн 800 мың теңге, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша жеке кәсіпкер Имағанбетова Жұлдыз 1 млн 200 мың, жеке кәсіпкер Тажибаев Сейтжан 4 млн, «Алпыс» шаруа қожалығы (басшысы А.Таласқалиев) 4 млн теңге көлемінде несие алып, жұмыстарын жүргізуде. «Сайын-Қалам» АӨК (басшысы Манарбек Төребек) 11,5 млн теңгеге ауылшаруашылық техникаларын алды. Барлығы 18 млн. несие алынды. Барлық малдар сырғаланып, деректік базаға енгізілді. Жылқы малдарын таңбалау жұмыстары жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі, яғни қысқы мал азығын дайындау құны 29,0 млн. теңге құрайтын 16571 цн. өнім дайындады. Мал шаруашылығы 474 бас сатылып МІҚ 73,0 млн, 1957 бас ҰМҚ 32,0 млн, 20 бас жылқы 3,2 млн теңгені құрайды. Барлығы - 108,2 млн.тн. Шаруа қожалықтар 8 млн 290 мың теңге субсидия алды.

2020 жылға арналған міндеттер:

- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін шығару (тұшпара, фарш, ет өнімдері, тары өнімдері);

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыру, қолдау және жұмыс ауқымын кеңейту және халыққа қызмет көрсету салаларын көбейту;

- турақты түскі қызметін ұйымдастыру.

Ауыз сәумен қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта орталықтағы 195 тұрғын үй толық 100% ауыз сумен қамтамасыз етілген. Құбасай елді-мекені бойынша 17 тұрғын үйге 3 ұңғыма құдығы қазылды.

2020 жылғы арналған міндеттер:

- Құбасай елді мекеніне ауыз су тартуға байланысты жобалау сметалық құжаттарға сұраныс беру.

- ғимарат ауласына бейнебақылау орнату.

Электр желісі

Округ орталығы және Құбасай елді мекені толық жарықтандырылды. Жақсыкөл қыстағына 20 км қашықтыққа ВЛ-10 кVжәне ЛР-10 кV ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Округтегі барлық трансформаторларға май құйылып, 4 трансформатор қоршалды.

2020 жылғы арналған міндеттер:

- Ток ақауларының төтенше жағдайлар кезінде Батыс Қазақстан облысы Қаратебе ауданынан қосымша электр желілерін тартуға жобалық сметалық құжаттарға сұраныс беру.

Егін шаруашылығы

1600 га жерге дөңді-дақылдар егілді. Оның ішінде «Қарай» ш/қ (Ф.Займолда) 1500 га, «Сатым» АӨК (Ж.Хамзин) 100 га жерге дөңді-дақыл екті. Суармалы бау-бақша бойынша 3 га жерге Қарай мектеп-балабақшасы көкөніс өнімдерін екті.

Мал азығын дайындау

1,5 жылдық қорын дайындау тапсырмасы 24,0 мың тн. Тапсырма 100% орындалды. Округ тұрғындары қысқы мал азығымен толық қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығы тауарларының негізгі түрлеріне бағанын аяутқыын төмендету үшін Астана қаласына -1, Ақтөбе қаласына -6, Ойыл селосында өткізілген жәрмеңкеге – 13 мәрте қатынасып, 21 шаруа қожалық 3,2 млн. теңгенің өнімдерін өткізді.

Ветеринариялық шаралар бойынша

Округ бойынша мүйізді ірі қара-3568, қой-11011, ешкі-3282, жылқы-808 бас бар. 2018 жылмен салыстырғанда, мүйізді ірі қара – 9,07% , қой- 33,20 %, ешкі-6,49%, жылқы-42 % га артып отыр. Округ бойынша жасалған ветеринариялық шаралар брүцеллезге қарсы 5059 бас МІҚ, 9400 бас ҰММ, 12 бас жылқы, 17 иттен қан алынды. Құтырыққа қарсы 600 бас МІҚ, 400 бас ҰММ, 350 ит, 100 мысық егілді. Сібір жарасына 5176 бас МІҚ, 12400 бас ҰММ, 600 бас жылқы егілді. Пастереллезге қарсы 800 бас МІҚ, 1000 бас ҰММ егілді. Туберкуллезге қарсы 5176бас МІҚ егілді. Маңқаға қарсы 200 бас жылқы егілді. Қарасанға қарсы 4600 бас МІҚ егілді. Эхинококкозға қарсы 100 ит егілді. Қазіргі таңда округте брүцеллезге байланысты сауықтыру жұмыстары жүргізілуде. 86 тұрғын үйге дезинфекция жасалды. «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Әділет» шаруа қожалығы (басшысы Ө.Ғазиз) модульді мал сою алаңын және ветеринария саласының мамандары расқұлы ауласын жасақтады.

2020 жылғы арналған міндеттер:

- жоспарлы жұмыстармен қатар шаруашылық құрылымдармен, жеке тұрғындармен мал ауруларының алдын алуға, мал тұратын ауаларға қойлайы жағдай жасауға түсінік жұмыстарын жүргізу;
- мал дәрігерлік шараларды жүргізуге ауыл шетінен мал тоғыту дәрілеу ваннасы, қыркым пунктін салу.

Мемлекеттік қызмет көрсету, төрелер арыздар бойынша

Округ өкімінің аппаратында 18 түрлі қызмет көрсетіледі. Округ өкімдігіне жеке тұлға бойынша 14 арыз тіркеліп, 13 арыз қанағаттандырылды. Занды тұлға бойынша 2 арыз тіркеліп, қанағаттандырылды. Жеке қабылдау бойынша (4 өтініш жазбаша, 12 өтініш ауызша) тіркеліп, толық қанағаттандырылды. Ағымдағы жылдың 21 қараша

күні барлық мекеме басшылары тұрғындарға жеке қабылдау жүргізді. Халықпен байланысты арттыру мақсатында округтегі барлық жауапты мекеме басшыларының телефон нөмірлері халыққа таратылып, әлеуметтік желіге орналастырылды. Мекеме басшылары халық алдында 2019 жылы жасалған жұмыстары және 2020 жылға арналған міндеттері туралы баяндама жасады. Мектептің информатика кабинетінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында тұрғындардың компьютерлік сауаттылықтарын арттыру үшін және тұрғындарға «Е-gov» порталын қолдану курсының графигі құрылды. Округ өкімдігінде мемлекеттік қызметтер алу үшін «Сon-nection» (Коннекион) нүктесі ашылып, жұмыстар жүргізілуде.

2020 жылға арналған міндеттер:

- электронды қызмет көрсету сапасын, санын арттыру.

- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің электронды жүргізілуіне ықпал жасау.

Тұрғындардың жұмыспен қамтылуы

Округтің халық саны - 1200. Экономикалық тұрғыдан жұмыспен қамтылғандар – 712. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 575. Кәсіпкерлік субъектілер бойынша – 75. Бюджеттік мекемелерде қызмет жасайтындар – 144. 5 жасқа дейінгі бала саны – 126. Мектеп жасындағы бала саны – 184. 14-29 жастар саны – 250. Ресми тіркелген жұмыссыздар саны – 35 адам, 2,9% құрайды.

Округ бойынша зейіткерлер саны-113. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны – 38. Мүгедектік зейнетақы алатындар саны-25. Округте 41 алтын алқалы, 18 күміс алқалы аналар тұрады.

Округтегі өзекті мәселелердің бірі жұмыссыздық. Бұл бағытта мемлекетіміз қолдау жасап «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын жасады.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасының екінші бағыты: «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту». «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы бағдарламаның 2-ші бағыты «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 11 адамды оқыту жоспары берілген, осы жоспар бойынша «Бастау Бизнес» жобасы кәсіпкерлік негіздерін 19 адам оқыды. Тапсырма 172%-ға орындалды. Олардың ішінде, 5-і өзінің жеке кәсіпкерлігін тіркеп жұмыстарын бастады. 3 округ тұрғыны өздерінің кәсіпкерлік мақсаттағы жобаларын қорғап 1 тұрғын - 240,0 мың теңгеден 2 жас - 505,0 мың теңге грантка ие болды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы аясында несие алғандар саны 5. Ресімделген несие құны – 18 млн. теңге. Ауылшаруашылық техникаларына тартылған инвестиция құны – 11,5 млн.теңгені құрады. Барлық ресімделген несие құны – 29,5 млн.теңге.

«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 20 жас, ақылы қоғамдық жұмысқа 35 адам, барлығы



Көптоғай ауылдық округі бойынша 2019 жылы аудан өкімінің қатысуымен ауыл тұрғындарымен өткен кездесулерде берілген тапсырмалар бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Көптоғай ауылдық округінде жаңа заманауи үлгіде «Коворкин» орталығы ашылды.

2. 2019 жылы бойынша «Туған жерге тағзым» акциясы аясында атқарылған жұмыстар төмендегідей: - Ақтөбе қаласының 150 жылдығына және жастар жылына арналған ауыл спортшыларының жазғы аудандық спартакиадасы округтегі жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен өткізілді.

- Көптоғай ауылы жанындағы «Сағым қорымы» қоршалды.

- Көптоғай маңындағы Аша, Дайрабай, Сатан бөгеттері бөтелді.

- 1957 жылғы туылған азаматтар Құрман орта мектебіне естелік сыйлықтар тарту етті.

- 1957 жылы туылған азаматша Әтшібаева Салтанат және кітапхана-сынан 45 кітабын сыйға тартты.

- 1962 жылғы туылған азаматтар Құрман орта мектебіне 15 кітап сыйға тартты.

- Қамқоршылық кеңес төрағасы Әмірғалиев Әлібек және мүшелері Шегіртқалиев Сатыпалды, Амиров Тілекбай, Бердембаев Талғаттың

демеушілігімен Құрман орта мектебінің алтын белгі алған түлектеріне арналып 100 мың теңгеге «Үздіктер тақтасы» жасақталды.

- Қарасу ауылының жанындағы қорым қоршалды: бағасы 300000 теңге.

- Қарасу ауылына моторлы құдық қазылды, бағасы 320000 теңге, Дүйсеғалиев Мейрамбек Төлеуғалиұлының демеушілігімен жүзеге асты.

- Шұбарши елді мекеніне жастардың демеушілігімен балалар алаңы салынды, бағасы 500 мың теңге.

- Көптоғай, Аманкелді, Шұбарши, Қарасу ауылдарының жанындағы құл-қоқыс төгетін орынның айналасы тазартылды, тегістелді.

- Кәсіпкерлердің көмегімен ағаш отын, мал азығы мүмкіндігі шектеулі және жалғыз басты азаматшылардың отбасына қайырымдылық көмек ретінде түсіріліп берілді.

Көптоғай ауылдық округінде 2019 жылдың наурыз айында Өз-Наурыз мерекесіне орай киіз үй тігіліп, мерекелік концерттік бағдарламамен көріністер көрсетіліп және халыққа наурыз көже мен палуа таратылды. Ауылдық округте Наурыз мейрамына тай жарысы, арқан тартысы, жаяу жарыс, қошқар көтеру ойындары ұйымдастырылды. Ауыл өкімінің волейболдан көшпелі кубогы Жақсы-байкөл негізгі мектебінде басталып Аманкелді, Қарасу, Құрман ауылдарында жалғасын тапты. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай Құрман орта мектебінде әйелдер арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. 2019 жыл жастар жылы болып жариялануына байланысты 26 – сәуір айында округте «Жастар – болашаққа жол бастар» атты жастар форумы ұйымдастырылды. Жеті округтің жастары келіп, көңілді эстафеталық ойындардан жарысты. Ақтөбе қаласының 150 жылдығына және жастар жылына арналған ауыл спортшыларының жазғы аудандық спар-

такиадасы маусым айында округте өткізілді. Ауылдық округте КТК ойындары ұйымдастырылып ауыл өкімінің кубогын Аманкелді орта мектебі ұтып алды. Құрман орта мектебінің жастарынан құралған топ Асар қайырымдылық акцияларын жүйелі түрде ұйымдастырылып отыр. Тыл ардагерлері мен мүмкіндігі шектеулі ауыл тұрғындарына азық-түлік сөбеті берілді. «Жастар болашаққа жол бастар» жастар форумында орталық саябаққа 18 түп қарағай егілді. Ауылды абаттандыру мақсатында Ойыл-Көптоғай көтерме жолының жиегіне 1 гектар жерге тал егілді.

Округте туылған балалар саны - 38, қайтыс болған адам саны - 7. 2019 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын 65 отбасы бар. 57 адам ақылы қоғамдық жұмыста болды, 3 жас маман жастар төжірі-бесінен өтті, 28 ауыл жастары мен студенттері жасыл елде жұмыста болды.

Округ бойынша 2 ЖШС, 57 шаруа қожалығы, 2 ауыл шаруашылық кооперативі бар. Биыл ешқандай шаруа қожалық жабылған жоқ, 1 шаруа қожалығы ашылды. «Балуанғали» шаруа қожалығы. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жалпы кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант алушылар тізімі: Ғұмаров Мағжан, Мұхамедияров Мұхамбетжан, Ертаев Қанат, Лекерова Мадина, Жумин Сұлтанбек, Тнеева Әсемгүл мал шаруашылығы үшін 505 мың теңге қайтарымсыз несие алды. Сарбас Айымгүл нан өнімдері шаруашылығы мақсатында 505 мың қайтарымсыз несие алды. 2019 жылы бағдарлама шеңберінде шағын несие алғандар тізімі: Танатарова Ардақ 4 млн. теңге, мал шаруашылығы. Мұхамбетов Еркін 3 млн.

теңге, мал шаруашылығы. Азанов Ұлан 20 млн. теңге, мал шаруашылығы. Сансызбаев Таңбай 11500 млн. теңге мал шаруашылығы мақсатында несие алды.

Округте ауыл шаруашылық саласы бойынша атқарылған жұмыстар:

Мал басын өсіру мақсатында «Ойыл несие» ЖШС арқылы «Құттығай» шаруа қожалығы мал тұқымын асылдандыру бойынша «Ескендір» шаруа қожалығы несие алды.

«Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы» бойынша 14 - адам оқуға жіберіліп, оның 5-і несие алуға құжаттарын жасақтауда.

Сарып ауруын тексеру барысында 8140 МІҚ малынан қан алынып, оның 42-сі, 28000 қой-ешкіден қан алынып, оның 28-нен сарып ауруы бар екені анықталған. Құтырылқа қарсы 500 бас МІҚ, 400 бас қой-ешкі, 14 бас жылқы, 315 ит, 50 мысық егілді. Сібір жарасына 6200 бас МІҚ, 22000 қой-ешкі, 1000 бас жылқы, 31 бас түйе егілсе, қарасанға қарсы 4200 бас МІҚ егілді.

2019 жылға сарып ауруына шыққан 42 бас-МІҚ сойылып жойылды, сарып ауруына шыққан 28 бас қой-ешкі Ақтөбе қаласындағы арнайы мал сою алаңына тапсырылды.

Округ аумағының мүйізді ірі қара малдары арасынан нодулярный дерматит ауруына қарсы 6200 МІҚ малдар ауруға қарсы егілді. Пастереллезге қарсы 2400 бас қой-ешкі, 3000 бас МІҚ малы егілсе, туберкулезге қарсы 7094 бас МІҚ малы егілді. Маңқаға қарсы 400 бас жылқы.

Биыл округте «Досым» шаруа қожалығы жаңа трактор алса, «Нәби», «Арыстан» шаруа қожалықтары күннен қуат алатын құрылғы алды. «Досым» шаруа қожалығы тіркеме алды. «Ақылбек» шаруа қожалығы шөп тайлағыш пресс алды.

Бірдейлендіру, деректер базасына мәлімет енгізу шаралары бойынша

жыл басынан бүгінге дейін 1498 бас МІҚ; 10900 бас қой-ешкі; 320 бас жылқы, 2 түйе малы бірдейлендіріліп компьютерлік базаға енгізілді.

320 бас жылқы таңбаланды. 45 қаңғыбас ит жойылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 45 қосымша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілді. Осы тізіліммен бүгінгі таңда Көптоғай ауылдық округ аумағында көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны- 544.

«Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. Округ өкімдігі тарапынан ауылдарды аралау кезінде және үнемі ауыл тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді.

«Ветеринарлық анықтама беру» бойынша Ойыл аудандық ветстанциясының Көптоғай ауылдық округіндегі ветеринарлық бекет арқылы жыл бойына 747 қызмет көрсетілген. Жалпы 2019 жылы кіріс құжаттар саны - 460, шығыс құжаттар саны - 383, жыл ішінде ауыл өкіміне барлығы 17 өтініш келіп түсті. Ауыл өкімінің жеке қабылдауында - 5 өтініш қабылданып, түсіндірілді, жеке тұлғалардың -12 өтініш қаралып, қанағаттандырылды. Ал заңды тұлғалардан 1 өтініш түсіп қанағаттандырылды. 2019 жылы қабылданған құқықтық нормативтік актілер жалпы саны 106 өкім, оның 79 негізгі құрам бойынша, ал 27 жеке құрам бойынша. Көптоғай ауылдық округі өкімінің шешім саны - 24.

Жергілікті салықтар бойынша орындалуы:

Көлік салығы жоспар -1800 мың теңге, жер салығы - 70 мың теңге,

мүлік салығы - 40 мың теңге. Жоспар 100 пайызға орындалды.

32 мың тонна мал азығы дайындалып, 370 үйге 1130 көлік шөп түсірілді. 53 шаруа қожалығы мен 1 ЖШС, 2 ауыл шаруашылық кооперативі қажетті шөпті түсіріп алды. «Идеят» ШҚ 1200 тн, «Жапақ» ШҚ 1000 тонна артық мал азығын дайындады. 6 отбасына тегін мал азығы және отын берілді.

Көптоғай округінде «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында жылжымалы флюорография келіп Аманкелді, Шұбарши, Көптоғай, Қарасу ауылдарында болып 969 адамды флюорографияға түсіп, жоспар 100 пайызға орындалды. 2019 жылға 945 адамды флюорографиялық тексерістен өткізу жоспарланып отыр. Округте есепте тұрған азаматтарға 834850,43 теңгеге тегін дәрі-дәрмектер берілді.

Қазіргі таңда ауылдық округтерге кіріс көздерін қалыптастыратын жаңа функциялар берілді.

1. Ауылдық округ өкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті мүлтіксіз жалға беруден түсетін кірістер;

2. Жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3. Сыртқы жарнамалар;

4. Әкімшілік айыппұлдардан; Биыл мүлкті жалға беруден 166177 теңге түсті.

Алдағы жылдары атқарылатын жұмыстар:

1. Аманкелді елді-мекенінің көшелерін жарықтандыру;

2. Көптоғай ауылына шағын футбол алаңын салу;

3. «Туған жерге тағзым» акциясының округте іске асуын жандандыру;

4. Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалау, кәсіпкерлікті дамыту;

Е.АСЫЛБАЕВ, Көптоғай ауылдық округінің әкімі.

АУЫЛДЫҢ ТІЛЕГІ - ТАҒЫ ДА ЖОЛ



Сарбие ауылдық округі бойынша 219 тұрғын үй бар, оның 202 үйі Сарбие ауылында, 17 үйі Қаракөл елді мекенінде орналасқан. Осы елдегі халық саны-1206, балалар-425, зейнеткерлер-114, мүгедектер -16, еңбекке жарамды тұрғындар саны-648. Округ бойынша 2-мектеп Сапақкөл орта мектебі мен Қаракөл бастауыш мектебі және мектеп жасына дейінгі «Әсем» бөбекжай балабақшасы, «Сарбие ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ және ауыл шаруашылығы саласында 1-ӨК, 1-ЖШС, 28-ШҚ, 3-АШҚ және өр түрлі салада 17 кәсіпкер, 1-клуб, 2-кітапхана үйі ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді. Жоғарыдағы аталған мекемелер мен агро-құрылымдар қызметін саралайтын болсақ:

Ауыл шаруашылығы саласында Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында Елбасының кезек-кезеңмен жариялаған көптеген бағдарламалары мен өр жылдардағы денсаулық, әлеуметтік қорғау, спорт т.б. бағытындағы Жолдауының тапсырмалары біздің округте де жүзеге асырылуда. Өңірлерді дамыту бағытындағы «Сыбаға», «Іскер» бойынша «Атамекен» 4 млн теңге несие алып - 10 бас жылқы, «Әлнарар» - 8 млн 800 мың алып, 35 бас ірі қара, ЖК Қалиев Серик - 4 млн теңге несие алып, 10 жылқы алды. Барлығы -16 млн 800 мың теңге бағдарламаларының тапсырмалары толығымен орындалды. Егіс шаруашылығымен тұрақты түрде «Жақып» және «Рахым» шаруа қожалықтары айналысып келсе, биылғы жылы егіс себу бағытында ауа райының қолайсыздығына және су тапшылығына байланысты округ бойынша жоспар орындалмай отыр. Алдағы уақытта егіс көлемін ұлғайту, егіс егетін шаруа қожалықтарының санын көбейту, суармалы егіспен айналысу, майлы дақылдар егу бағытында мақсатты жұмыстар жүргіземіз. Бүгінде ұсақ шаруа қожалықтарын ірілендіру міндеттері тұр. Бұл дегеніміз өнімдерін шикізат есебінде емес, өнім өндіріп тауар түрінде өткізетін, бөсекеге қабілетті шаруашылық құру. Бұл орайда «Жекенді», «Ағайындылар-Сарбие», «Жиенбет-Назерке» ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылып, өрқайсысы 20 адамнан мүше қабылдап жұмысын жасап жатыр.

2019 жылы 11 шаруа қожалық құдық қазды (скважина) және «Айнамаз» шаруа қожалығы 7 млн 600 мың теңгеге трактор сатып алып өз шаруашылықтарын жүргізуде. Округ аумағындағы 4701 бас МІҚ, 16186 бас қой ешкі, түйе - 7, 1969 бас жылқыға ветеринарлық іс шаралар уақытында жүргізілді, 90 бас ит жойылды. Жұқпалы аурумен ауырған малдар анықталған жоқ. Округте жылқы таңбалау жұмыстары түрлі себептерге байланысты баяу жүргізіледі, бұл бағытта халықтың түсіністікпен қарал, осы іске атсалысуларын сұраймын. Мал бақтыру, оның азығын дайындау, тұрғындардың денсаулығы, отын сумен қамтылуы, ветеринарлық шаралар т.б. маусымдық жұмыстар тұрақты назарда. Округ бойынша мал азығы бірінші кезекте ауыл тұрғындарына түсіріліп, тұрғындардың мал азығын толық дайындап алуларына мүмкіндіктер жасалынды. Ауыл тұрғындарының жеке малдарын бағу орталықта және жайылымдық далдада 3-жерде ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлік сала бойынша Шағын кәсіпкерлікті дамыту халықтың тұрмысын жақсартудың, өнім өсімінің көзі болып қоймай, сонымен бірге жұмыспен қамту проблемалары мен кедейшіліктің алдын алуда шешуші роль атқарады.

Ауылда 17-кәсіпкер қызмет жасайды, оның 6- сауда саласында, 6- мал шаруашылығы, 1-көлік, 2-наубайхана, 1-дәріхана, 1-шаштараз салаларында, оларға шамамыз келгенше жәрдем беріп отырамыз. Сауда саласындағы кәсіпкерлермен меморандумға отырып, халықтың көп тұтынатын тамақ тағамдарының бағасын өсірмеу бағытында ескертулер мен бағаларға бақылау жасалып, маңызды азық-түлік бағаларының шектен тыс өсірімдері жөнінде түсінік жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады.

Білім саласы бойынша: Сапақкөл орта мектебінде барлығы 215 оқушы, Қаракөл бастауыш мектебінде 13-оқушы тәрбиеленіп білім алуда. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі «Әсем» бөбекжай бала бақшасы жұмыс жасайды, онда 4 топта 65 бала тәрбиеленуде. Мектептердің материалдық техникалық базалары қанағаттанарлық. Сапақкөл орта мектебінде асхана, жиын, спорт залдары, мед. кабинет, 13 пән кабинеттері жұмыс жасайды, интернет, физика, биология, химия кабинеттері интерактивтік тақтамен қамтылған. Сапақкөл орта мектебінде жаңа жүйемен біліктілік санатын алған 5 педагог – зерттеуші, 12 педагог – сарапшы, 7 педагог-модератор бар. 2019-2020 оқу жылының 1 тоқсанының қорытындысы бойынша мектептің білім сапасы 43,2%. Жалпы мектепте 2-11 сыныптар арасында 27 оқу озаты, 66 оқу екпіндісі бар. Интернет Сапақкөл орта мектебінде бар, жүйесінің жылдамдығы төмен, бұл

мектептегі 215 оқушы мен 41 мұғалімнің интернет ақпаратын толық пайдалануларына жеткіліксіз болып тұр. Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде тапсырмаларды орындау барысында интернеттен мәліметтер мен ақпараттар алуда қиындықтар тудырады.

Медицина саласында

Ауыл орталығында бір дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді. Осы мекемеде 1 бас дәрігер, 6 медбике және 3 кіші қызметкерлер жұмыс жасайды. Осы қызметкерлердің жұмыс жасауларына толық мүмкіндіктер бар, мамандары мен жұмысшылармен толық қамтылған. Бұл салада жұмыс жасайтындар өз істерін жақсы білетін мамандар тұрақты назарда. Округ бойынша мал азығы бірінші кезекте ауыл тұрғындарына түсіріліп, тұрғындардың мал азығын толық дайындап алуларына мүмкіндіктер жасалынды. Ауыл тұрғындарының жеке малдарын бағу орталықта және жайылымдық далдада 3-жерде ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлік сала бойынша Шағын кәсіпкерлікті дамыту халықтың тұрмысын жақсартудың, өнім өсімінің көзі болып қоймай, сонымен бірге жұмыспен қамту проблемалары мен кедейшіліктің алдын алуда шешуші роль атқарады.

Ауылда 17-кәсіпкер қызмет жасайды, оның 6- сауда саласында, 6- мал шаруашылығы, 1-көлік, 2-наубайхана, 1-дәріхана, 1-шаштараз салаларында, оларға шамамыз келгенше жәрдем беріп отырамыз.

Сауда саласындағы кәсіпкерлермен меморандумға отырып, халықтың көп тұтынатын тамақ тағамдарының бағасын өсірмеу бағытында ескертулер мен бағаларға бақылау жасалып, маңызды азық-түлік бағаларының шектен тыс өсірімдері жөнінде түсінік жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады.

Білім саласы бойынша: Сапақкөл орта мектебінде барлығы 215 оқушы, Қаракөл бастауыш мектебінде 13-оқушы тәрбиеленіп білім алуда. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі «Әсем» бөбекжай бала бақшасы жұмыс жасайды, онда 4 топта 65 бала тәрбиеленуде. Мектептердің материалдық техникалық базалары қанағаттанарлық. Сапақкөл орта мектебінде асхана, жиын, спорт залдары, мед. кабинет, 13 пән кабинеттері жұмыс жасайды, интернет, физика, биология, химия кабинеттері интерактивтік тақтамен қамтылған. Сапақкөл орта мектебінде жаңа жүйемен біліктілік санатын алған 5 педагог – зерттеуші, 12 педагог – сарапшы, 7 педагог-модератор бар. 2019-2020 оқу жылының 1 тоқсанының қорытындысы бойынша мектептің білім сапасы 43,2%. Жалпы мектепте 2-11 сыныптар арасында 27 оқу озаты, 66 оқу екпіндісі бар. Интернет Сапақкөл орта мектебінде бар, жүйесінің жылдамдығы төмен, бұл

келді. Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуларына жабық спорт көшені, ашық спорт алаңдары, саябақ, демалыс орындары бар

Халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауына байланысты Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінің Бесінші бағыты бойынша Әлеуметтік көмек қорсету жүйесін одан әрі дамыту негізінде тұрғындардың байланыс, медицина қызметімен, электр қуатымен, ауыз сумен қамтылған, жұқ, жолаушылар тасымалдау жеке автокөліктердің, мал азығын дайындау шаруа қожалықтарының және азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде кәсіпкерлердің күшімен атқарылып келеді. Қыс айларында округ тұрғындарының қатты отынға деген сұраныстары негізінен жеке кәсіпкерлер техникалары арқылы тасымалданып, отынның сатылу бағасы ауыл тұрғындарына қолайлы бағаға сату бағытында түсінік жұмыстары жүргізілуде. Қыс ұзақ сапқындалып кететін жағдай болса, жем-шөп, отын тапшылығы байқалады. Қажетті жем-шөп, отын мәліметтері алынып шаралар қабылданады. Ауылда рәсімделген 17 кәсіпкер қызмет көрсетеді, округтегі саудамен айналысатын кәсіпкерлермен маңызды азық-түлік бағаларының шектен тыс өсірілмеуі жөнінде түсінік жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады.

Ақылы қоғамдық жұмысқа жыл бойына 20 адам, Шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің көмегімен ауыл тұрғындары азық-түлік, тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар олар осы аймақта өтетін түрлі мәдени іс шараларға, аз қамтылған отбасылар тұрақты түрде қамқорлықтар жасалады. Аз қамтылған бас мүгедек отбасыларына шаруа қожалықтары арқылы бір-бір көлік мал азығындық шөп, қайырымдылық акциясымен көмек көрсетілді, спорттық мәдени шараларға, «Мектепке жол» акциясы бойынша 16 оқушыға көмек берілді. Біз бұл әлеуметтік әріптестікті қолдаймыз, осы араға атсалысқан абзал жандарға ризашылығымызды білдіреміз. Тұрғындармен кездесулер өткізіліп, қойылған өзекті мәселелер округ өкімшілігінің мүмкіндігіне қарай шешіліп, ал округ өкімдігінің мүмкіндігі келмеген мәселелер жоғарғы орындарға жолданылып отырады. Нәтижесінде халық қажетсініп отырған мына мәселелер жүзеге асырылды.

Сонымен қатар «Сыбаға», «Іскер» бағдарламасы «Жұмыспен қамту жол картасы-2020», «Ауыл шаруашылығы кооперативі» туралы т.б. бағдарламалары туралы түсініктер беріліп, бағдарламалардың тиімді жақтары тұрғындарға насихатталып отырылды.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1620 таба. Тапсырыс №1635 Келімі 1620 таба, индексі 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Ойыл ауданы,
Сарбие селосының тұрғыны
Аяулы анамыз Ақас
Өтешованы
90 жасымен құттықтаймыз!



Құрметті ана! Сізді алдағы келе жатқан 90 жас туған күніңізбен құттықтаймыз. Ақ жаулығыңызды кір шалмай, жаңа жыл жаңа бақыт әкелсін. Тоқсаннан шығып, жүзге жетіңіз. Немере, шөбере, шөпшек сүйіп, ортамызда жүре беріңіз.

Құттықтаушылары: келін-балаларыңыз, қыз-күйеу балаларыңыз, немере-шөбере, жиендеріңіз.

Ойыл селосының тұрғыны,
Құрметті Ақмарал Бақытқызы!



Сізді адам өмірінің мерейлі кезеңі атанған айтулы жасыңызбен құттықтаймыз! Сіз кітапхана саласында қажырлы еңбек етіп, ауданымыздың рухани-мәдени өміріне елеулі үлес қосқан білікті басшы, ақылшы апайымыз, жанашыр әріптесісі!

Қай кезде де ұжым беделі мен абыройы үшін жаныңызды салатыныңыз, әрқайсымыз үшін Аңамыздай қамқор көңіліңізді білдіріп, жылы сөзіңізбен, мейірім шуағыңызды төгетін Сізді, барша ұжымыңыз құрметтеп, жоғары бағалайды.

Құтты болсын, толып жатқан жасыңыз,

Әлі талай асулардан асыңыз. Біздер үшін - ақылшысың ардақты, Көңіліңіз тау суындай тасысын! Басшы деген - сол ортаның тірегі, Басшы деген - коллективтің жүрегі. Жақсы басшы - ұжымының

бағы ғой,

Мандайына шаң тимейтін бір елі. Бақыт құсы қона берсін басыңа, Жас қосылсын дейміз

әркез жасыңа.

Әлі бізге қол көрсетіп жүре бер, Біз қимаймыз сізді «зейнет»

жасына.

Жаңа жылмен қатар келген туған күн,

Мол сыйласын ырысы мен береке. Ағамызбен қол ұстасып 100-ге кеп,

Мерекеге жалғасын тек мерекен! Құттықтаушылар: Аудандық кітапхана ұжымы.

Сарбие ауылдық округінің тұрғыны, ардақты анамыз
Жұбанова Гүлшарат
Төремуратқызын 1 қаңтарда келіп жеткен 56 жасымен құттықтаймыз!



Бала үшін бола алтын шын үлгі Ана сен деп бастағам әр жырымды. Қуаныштың тарқамасын қашан да. Туған күнің құтты болсын бүгінгі.



Мейірімін сағынышын балаңда Бала үшін жас алғансың жанарға. Алла сені ең тәуір сый қып берген. Жұмағымды жасырғансың

табанға.

Отбасыңмен шаңырақта күлімде. Қыз бен ұлды аяулым де, күнім де.

Әкемізбен тату-тәтті күн кешіп. Бақытты ана атанғансың бүгінде.

Қаяу салма кіршіксіз ақ көңілге. Тағдыр тартыс ешқашанда

жеңілме!

Бар бақытты тілейді үлмен қызың Күліп ойнап жүріңіз тек өмірде.

Ауырмаңыз, күліп әркез жайнаңыз. Үмітіңді ақтаймыз деп ойдамыз.

Немерені бағып қағып қуанып. Шөберенің қызығына тоймаңыз

Тілек білдіруші: жолдасы Музалел, бала келіндері Ермұхамбет – Асыл, Мейрамбек – Алмағұл, Райымбек, немерелері Нұртілек, Нұрасим, Еркеназ, Назерке.

Ойыл аудандық ауруханасының
Дәрігер-хирургі
Салин Дәулет Мақашұлын
30 желтоқсан туған күнімен құттықтаймын!

Шипа берген қиналғанда, Алтын қолды Дәулетім.

Ризамын шын жүректен, Арта берсін сәулетің.

Келген жасың құтты болсын, Мол несібе сыйласын.

Денсаулығың мықты болып, Елден алғыс жинашы.

Ақ халатты, абзал жаның, Емің шипа, сөзің бал.

Шын көңілден риза болған, Ана тілегін қабыл ал!

Ақ тілекпен: емделушің Сұлтанова Ұлжан Ермекқызы.

Ойыл ауданының тұрғыны,
Қарасайұлы Мейірбекті
1 қаңтардағы 18 жас туған күнімен құттықтаймыз!



Болар өлі ойының мен сауығың. Жүре берші жерге

тимей жауырын.

Қуаныштың құтты болсын бүгінгі, Туған күнің құтты

болсын, бауырым.

Қамқоры бол ата менен ананың. Өміріңе сақпен басып әр адым.

Жасындайын жарқылдасын жанарың.

Тауға өрлесің талабың.

Жүрегіңде жалындаған

от болсын.

Жақсылыққа жақындарың сеп болсын.

Жабырқама тағдырыңа налыма

Қуанышты әрбір күнің көп болсын.

Тілек білдіруші: ата – анасы

Қарасай – Айсара бауырлары

Аңсаған, Фасырбек, Еркебұлан

Жаңа жылдық мереке алаңсыз өтсін!

Бүкіл еліміз боп күтетін қуанышты мереке – Жаңа жылда келіп қалды. Бұл күні барлық мекемелер мен мектептер, балабақша, үйлерде жаңа жылдық шырша орнатып, ертеңгіліктер мен кештер өткізіледі. Міне 2020 жылды қарсы алуға дайындық қызу жүріп жатыр, сол күннің шыры бұзылмас үшін оны ұйымдастырушыларға ерт қауіпсіздігін сақтау шараларын еске сала кетудің артықшылығы жоқ.

Жаңа жылдық мереке кешінде:

1) кемінде екі эвакуациялау жолымен қамтамасыз етілген үй-жайларда ғана пайдаланылады;

2) шыршалар мықты негізге орналастырылады және үй-жайдан шығу жолдарында кедергі келтірмеуі қажет;

3) шыршалардың бұтақтары қабырғалар мен төбелерден кемінде 1 метр алшақта орналастырылуы қажет;

4) үй-жайда электрмен жарықтандыру болмаған жағдайда, шырша жанындағы іс-шаралар күндізгі уақытта ғана өткізіледі;

5) иллюминация Электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптарын сақтай отырып орындалады.

Төмендету трансформаторының электрмен жарықтандыру желісін пайдаланғанға шыршада кернеуі 12 Вольтқа дейін кезектесіп жанатын шамдары бар гирляндарлар қолданылады.

Шамдардың рұқсат етілген қуаты – 25 Ватт. Иллюминацияда ақау байқалған жағдайда (сымдардың күйі, шамдардың жыпылықтауы, үшқын шығуы) ол дереу сөндірілуі қажет;

7) іс-шараларды өткізу кезінде залда, сахнада және зал үй-жайларында ерт қауіпсіздігіне жауапты адамдардың, өртке қарсы құралымдардың мүшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылуы қажет.

Іс-шаралар өткізілетін үй-жайлар алғашқы ерт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет.

Пиротехникалық құралдар сатып

алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс. Мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң;

- таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында ерт шығу қаупі бар объектілер, автомашина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс;

- отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, қураған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет үшқын түскен болса, өртенуі мүмкін;

- өтірік жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет;

- көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет;

- егер сіздің аулаңыз шағын өрі тар болатын болса, онда петарда, шартылдақ, шығыр сияқты жерге жағылатын түрлерін ғана пайдалану қажет, мұндай жерде жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды. Оларды тұрғын үйлер мен құрылыстардың қасында мүлде пайдалануға болмайды, олар терезеге немесе желдеткішке түсіп, шатырға өтіп, өрттің себебіне айналуы мүмкін. Ең дұрысы үйден тыс жерге барып пайдаланған жөн.

Жоғарыда келтірілген талаптар мен ережелерді баршамыз болып сақтап, «Тіпсіз-жауға» жол бермейік! Сәл ғана қателіктің салдары мерекенің шырқын бұзбасын! Төтенше жағдайларды болдырмауға және алдын алуға берімізде атсалысайық!

Ойыл ауданының ТЖ бөлімі

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА САЛЫҚТЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҚ

Салық төлеушілерге 2019 жылдың 1-ші шілдесінен бастап жеке тұлғаларға алдағы салықтық рақымшылық туралы салық органдарына 2019 жылдың 1-ші қаңтарға дейін салық кезеңі үшін салық төлеудің негізі сомасын төлеуге жататын айыппұлды есептен шығару туралы рақымшылық басталды.

Бірінші санат – орындалмаған шарты жеке тұлғаның салықтық борышты төлеуі болып табылады.

Салық төлеушілерге бұл үшін ешқандай барудың қажеті жоқ, мемлекеттік кіріс органдары күн сайын жеке тұлғалардың дербес шоттарының жай-күйіне мониторинг жүргізеді және олар үш жұмыс күні ішінде негізі борышты төлеген кезде өсімпұлды есептен шығару туралы тиісті шешім шығарады.

Егер салық төлеуші ағымдағы жыл ішінде өткен жыл үшін негізгі борыш пен салықтар бойынша өсімпұлды төлеуді жүргізген жағдайда, өсімпұл сомасы қайтаруға жатады. Ол үшін мемлекеттік кірістер органдарына өтініш беру қажет.

Салық рақымшылығына азаматтардың екі санаты жатады:

Бірінші санат – орындалмаған салық міндеттемелері бар жеке тұлғалар (көлік құралдары салығы, мүлік салығы, жер салығы, жеке табыс салығы).

2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салықтық кезеңдер үшін салық міндеттемелері бойынша негізгі борыш өтелген жағдайда, оның өсімпұл есептен шығарылады.

Екінші санат – кәсіпкерлік қызметтен салықтар бойынша қате салық берешегі бар, дара кәсіпкер ретінде

тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғалар (қосылған құн салығы, өлеуметтік салық және басқалар). Бұндай берешек 15 жылдан астам бұрын жалпыреспубликалық ақпараттық жүйеге көшкен кезде қалыптасқан.

Бұл жағдайда бұндай жеке тұлғалар бұрын кәсіпкерлік қызметпен айналысқандығы жөнінде мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарында жоқ. Бұл санаттағы тұлғалар бойынша салық берешегінің барлық сомасын есептен шығару ұсынылады.

Осылайша, салық берешегі бар барлық салық азаматтарды мемлекет тарапынан есептелген өсімпұл түріндегі санкциясыз өз салықтық міндеттемелерін орындау мүмкіндігін пайдалануға болады.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

САҒИДОЛЛА ЖАКИЕВ



2019 жылдың 25 желтоқсаны күні 90 жасында «СССР халық ағарту ісінің үздігі», еңбек ардагері Сағидолла Жәкиев дүниеден өтті. Сағидолла Жәкиев 1929 жылы Ойыл ауданының Саралжын елді мекенінде туған. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының қиын кыстау кезіне тап болып қиыншылықпен өткен. Жастайынан еңбекке араласып өмірдің ащы-тұщысын көп тартқан адам. 1946 жылы Ақтөбе педучилищесінде оқуға түсіп, оны бітіргеннен кейін 1953-1955 жылдары Тайсойған жеті жылдық мектебінде, кейін Теректі, Екпінді бастауыш мектептерінде меңгеруші болып жұмыс жасады. 1959 жылы Орал педагогикалық институтына оқуға (сырттай) түсіп, 1964 жылы жоғары білім алды. Содан кейін (1964-1966 жылдары) Саралжын орта мектебі директорының орынбасары, (1966-1967 жылдары) Құрманов орта мектебінде, (1967-1971 жылдары) Жамбыл сегіз жылдық мектебінде, (1971-1974 жылдары) Абай орта мектебінде, 1974 жылдан 1994 жылға дейін Жамбыл орта мектебінде директор болып қызмет жасады. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты. 1970 жылы «Қазақ ССР-ы оқу-ағарту ісінің үздігі», 1972 жылы «СССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Жамбыл орта мектебі оқу-тәрбие жұмысының жыл қорытындысы мен аудандық Құрмет тақтасынан жыл сайын орын алып келді. Жамбыл орта мектебінің оқу-тәрбие жұмыстары аудан, облыс мектептерінде арнайы тартылды. Облыстық атқару комитетінің Мақтау грамотасымен бірнеше рет марапатталды. Жұбайы Жаняна екеуі 11 бала өсіріп 25 немере, 10 шөбере сүйді. Қазіргі таңда үл қыздары, немерелері елімізге белгілі азаматтар. Біз марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз!

А.Қазыбаев, Е.Жиеналин, А.Кенжебаев, М.Айдарбаев, Е.Тілепов, С.Меруенов, Г.Избагаамбетова, С.Аманжол, Т.Шалабаев, Ф.Займолдаулы, М.Керейұлы, С.Өткелбаев, С.Нұрбаев, С.Қолбағаров және мектеп директорлары.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы,
Шұбарши ауылы
Ақылбек Мұхамедияров
(31.12.1994 ж - 04.06.2012 ж)



Таусылар ма жыр деген сағынғанда.

Толқынды өмір теңіз ағылғанда. Жүректер сағынып іздейді.

Сені еске аламыз әр жыл сайын Қамығып мұңнан моншақ тағылғанда.

Ақ жүрек, адал ниет ақылды ерім Көңдім мына тағдырға мақұл дедім.

Жалындаған жас шағың осы кез ғой

25-ке келер ең, Ақылбегім!

Жанардан жабырқаудан жас тамады

Өкен де аңсап мұңды асқаралы. Жатқан жерің жайлы болсын

Ақылбегім.

Бұдан өзге қалмады басқа амалым. Анаңның жасқа толы қос жанары

Біреуге ерте, біреуге бұл күн кеш болады

Жаңа жылда жиылып тұма-туыс Өке-анан, бауырларын еске алады.

Еске алушылар: ата-анасы

Мұхамедияр-Құпсин, бауырлары.

Ойыл селосы,
Шұбарши ауылы
Ақылбек Мұхамедияров
(31.12.1994 ж - 04.06.2012 ж)



Жарқ еткен сендегі жанарды ай Көңілде мәңгіге қалардай.

Жүректер сағынып іздейді. Біз сені қалдық қой таба алмай.

Сағыныш жүректі басады. Жігіттің емес ең осалы.

Қадірң бар еді бауырға. Бауырлар жырына қосады.

Сағындық аралың жүзіңді. Үкілі үміттер үзілді.

Алтындай аңқылдақ жан едің. Таппадық үйдегі іздің.

Қайраттың ең қарамас жалынға. Қарамас дауылмен жауынға.

Ауауың қолдасын біздерді. Жүр әркез Жұмақтың бағында.

Сағынып тынысым тарылды. Тыныштық жайласын жаныңды.

Бауырың, ағайын тумамен. Өзіңді ата-анан сағынды.

Баянсыз өмірде тұрмақ кім. Ақылжан жүректен тіл қаттым.

Аяулы ардақты жан едің Төрінде болшы тек Жұмақтың.

Еске алушылар: апа-жезделері, жиендері.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы медицина ғылымдарының докторы, доцент, профессор Жәкиев Базылбек Сағидоллаұлына асқар тау өкесі

Сағидолланың қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Құрман орта мектебінің ұжымы

Бердембаев Сисеннің қайтыс болуына байланысты балалары Бердембаева Ақмарал мен Бердембаева Нұргүлдің қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Ж.Жүсібаев етіндегі Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Сатыбалдина Самалға аяулы анасы

Ағибаңның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат аппараты аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманжолбаевтің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП БЕРУІНІҢ КЕСТЕСІ (2020 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР – АҚПАҢ АЙЛАРЫНДА)

Аудан	қаңтар				
	14, сәйсенбі	15, сәрсенбі	16, бейсенбі	17, жұма	29, сәрсенбі
Ойыл	Ш.Берсиев ат. ауылдық округі Қаратау ауылы, клуб сағ. 10-00	Саралжын ауылдық округі Кемер ауылы, клуб сағ.10-00	Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы, клуб сағ. 10-00	Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі сағ. 10-00	Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі сағ. 11-00
	Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы, клуб сағ. 15-00	Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы, клуб сағ. 15-00	Қараой ауылдық округі Қараой ауылы, клуб сағ. 15-00		Қорытынды
Барлығы -15	4	4	4	2	1

2020 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Ауылдық округі	қаңтар				
	8, сәрсенбі	9, бейсенбі	10, жұма	11, сенбі	13, дүйсенбі
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	Қарасу ауылы, мектеп, сағ. 10-00 Құмжарған ауылы, клуб, сағ. 15-00				
Көптоғай ауылдық округі	Шұбарши ауылы, клуб, сағ. 10-00	Қарасу ауылы, клуб, сағ. 10-00 Аманкелді ауылы, клуб, сағ. 15-00			
Саралжын ауылдық округі		Қоңырат ауылы, мектеп, сағ. 10-00 Шиқұдық ауылы, клуб, сағ. 15-00	Бестамақ ауылы, клуб, сағ. 10-00 Ақкемер ауылы, клуб, сағ. 15-00		
Сарбие ауылдық округі				Қаракөл ауылы, мектеп, сағ. 10-00	
Қараой ауылдық округі				Құбасай ауылы, мектеп, сағ. 15-00	
Қайыңды ауылдық округі			Көсембай ауылы, клуб, сағ. 10-00		
Ойыл ауылдық округі				Екпетап ауылы, мектеп, сағ. 10-00	Қаракемер ауылы, клуб, сағ. 11-00 Ақшағатау ауылы, мектеп, сағ. 15-00
Барлығы -15	3	4	3	3	2

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ ХАБАРЛАЙДЫ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 5 АҚПАҢДАҒЫ №190 «ОРТАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОР